Оқыту құралдары ретінде компьютермен жұмыс істеу тәсілдері әртүрлі: топпен, жеке, сыныппен. Демек кез-келген оқыту , тек білім беруден басқа түзете-дамыту жұмыстары болатын көрнекті - тәжірибелік сиқырлы іс-әрекет, ол виртуалдық іс-әрекет деңгейіндегі компьютермен жұмыс істеу. Жоғарыда атап өткендей мүмкіндігі шектеулі балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі жүйесі инклюзивті білім берудің практикалық адымы неғұрлым ерте ғылыми теориямен өзіндік үндестігін тапса, онда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген оң көзқарас оналар еді. Сондай-ақ инклюзивті білім берудің инновациялық жолдарын оның ішінде компьютерлік технология, интерактивті тақта сияқты білім беруге қажетті жаңа ақпараттық технологиямен қамтамсыз етілсе, келешекте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде ешқандай кедергілер болмақ емес. Сыныптағы мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасымен қандай бағытта түсінік жұмыстарын жүргізесіз? (оқуы, тәртібі, бала бойындағы кемшілікті түзете дамыту жұмыстары бойынша)

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж
2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ - ӨМІР ҚАЖЕТТІЛІГІ

Есмырзаева Аманкуль Орынбаевна

Скакова Биба Аргынбаевна

**«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚ Жамбыл облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
кафедрасының аға оқытушылары**

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім

берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етиетін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады.

Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама

бойынша реттеген абзал: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарла малары, мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы.

Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтажының ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Азгальдов Г.Г., Костин А.В. Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия//Экономические стратегии, 2008, №2.
2. Кобрина Л.М. Дистанционное обучение детей с ограниченными возможностями здоровья как средство интеграции в системе образования Ленинградской области/ Л.М. Кобрина, Е.Т. Логинова. Равные возможности– новые перспективы.- М.: ГОУ ВПО МГПУ, 2010.

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жанадилова Гульнара Капкеевна
учитель начальных классов,
КГУ «СОШ №20 РО» ГУ
«Отдел образования города Семей»ВКО г. Семей

Инклюзивное образование – это такой процесс обучения, при котором все дети, в независимости от их физических, психических, интеллектуальных и иных особенностей, включены в общую систему образования и обучаются по месту жительства вместе со своими сверстниками, в одних и тех же общеобразовательных школах, где учитываются их особые образовательные потребности и оказывается необходимая специальная поддержка.

Законом Республики Казахстан «Об образовании» [1] гарантированы равенство прав всех на получение качественного образования, доступность образования всех уровней для населения с учетом интеллектуального развития, психофизиологических и индивидуальных особенностей каждого лица.

Согласно Государственной программе развития образования на 2020-2025 гг. к 2020 г. будет увеличена доля школ, создавших условия для инклюзивного образования от общего количества до 70%. Доля школ, в которых будет создан «безбарьерный доступ» для детей-инвалидов, составит 20%. Процент детей, охваченных инклюзивным образованием, от общего количества детей с ограниченными возможностями в развитии (ОВР) составит 50% [2]. Утверждены Национальный план действий на долгосрочную перспективу по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012-2018 гг. [3], комплекс мер по дальнейшему развитию системы инклюзивного образования в Республике Казахстан на 2015-2020 гг. (приказ Министра образования и науки РК от 19 декабря 2014 г. №534) [4]. Н.Н.Малофеев выделяет группы детей, интегрированные следующим образом:

- дети, чья «интеграция» обусловлена тем, что отклонение в развитии не было выявлено;
- дети, родители которых, зная об особых проблемах ребенка, по разным причинам хотят обучать его в массовом детском саду или школе;
- дети, которые в результате длительной коррекционной работы, проводимой родителями и специалистами, подготовлены к обучению в среде нормально развивающихся сверстников, в результате чего специалисты рекомендуют им интегрированное обучение;
- воспитанники специальных дошкольных групп и классов в массовых детских садах и школах, чье обучение и воспитание осуществляются с учетом их отклонений в развитии [5].

Разумеется, успешность обучения и социальной адаптации различна для перечисленных выше групп. Специальные, учитывающие особенности развития детей с ОВР условия создаются лишь для двух последних категорий детей. В остальных случаях мы имеем дело с так называемой «стихийной интеграцией», когда ребенок формально находится в классе (группе), но фактически исключен из совместного обучения. Если ребенку в общеобразовательной системе не созданы условия для обеспечения его особых потребностей обучения, то в действительности нарушается его право на качественное образование, и положение ребенка не только не улучшается, а ухудшается. По мнению Н.Малофеева, «формальная инклюзия является скрытой дискриминацией» [6].

Основой инклюзивного образования является учет индивидуальных особенностей детей, разнообразия их образовательных потребностей, возможностей, интересов обучающихся. В связи с этим появляется необходимость менять методы, формы и технологии работы. По словам Н. В. Бабкиной, «методика обучения в лиц с особыми образовательными потребностями предполагает использование социально-активных и рефлексивных методов обучения, технологий социокультурной реабилитации, создание комфортного психологического климата в коллективе. Должна быть обеспечена специальная материально-техническая база для детей с разными нарушениями (специальные пособия, оборудование). Должно быть обеспечено психолого-педагогическое сопровождение детей с нарушениями. Должна быть создана адаптированная коррекционно-развивающая среда обучения, модернизированы технологии в системе обучения лиц с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивной практики» [7. С.13].

В целом, под образовательной технологией раскрывается «упорядоченная система действий, выполнение которых приводит к гарантированному достижению педагогических целей» [8. С. 79]. Среди педагогических технологий можно выделить те, которые могут быть успешно использованы в инклюзивной практике учителем на уроке.

Классификация их осуществляется в соответствии с задачами и ролью в организации совместного образования детей с различными образовательными потребностями.

1. Технологии, направленные на освоение академических компетенций при совместном образовании детей с различными образовательными потребностями: технологии дифференцированного обучения, технологии индивидуализации образовательного процесса.

2. Технологии коррекции учебных и поведенческих трудностей, возникающих у детей в образовательном процессе.

3. Технологии, направленные на формирование социальных (жизненных) компетенций, в том числе принятия, толерантности.

4. Технологии оценивания достижений в инклюзивном подходе.

5. Технологии, индивидуализирующие образовательный процесс.

Следуя общим правилам и способам организации учебной работы на уроке, учитель инклюзивного класса должен помнить и учитывать тонкости включения в работу ребенка с теми или иными особенностями познавательной деятельности, поведения, коммуникации. Чаще всего такой ученик может отставать от темпа всего класса, выполнять задания на уровне, доступном ему. Самостоятельная работа дает наиболее широкие возможности для индивидуализации обучения, так как задания варьируются в зависимости от индивидуальных особенностей. Учитель создает условия для того, чтобы ученик мог поставить цели, сформулировать задачи, определить способы решения учебных задач, смог оценить результаты своих учебных действий. Такой процесс индивидуализации важен как для ребенка с особыми образовательными потребностями, так и для его нормативно развивающихся сверстников.

Технологиями коррекции учебных и поведенческих трудностей, возникающих у детей в образовательном процессе, являются специальные логопедические технологии и технологии специальной педагогики, направленные на коррекцию нарушения, технологии нейропсихологического подхода в коррекции учебных трудностей, технологии психолого-педагогической системы формирования и развития речевого слуха и речевого общения у детей с нарушениями слуха, технологии прикладного анализа поведения.

Важным результатом инклюзивного образования является формирование жизненных навыков. Можно выделить следующие технологии, направленные на повышение социальной компетенции: прямое обучение социальным навыкам;

формирование социальных навыков через подражание, организация групповых видов активности, в том числе и игровых. Через правила, примеры, которые показывает учитель, осуществляется прямое обучение социальным навыкам. Принятие правил очень важно для всех детей, но оно должно быть осознанным, связанным с их личным опытом. Обязательно нужно хвалить учащихся за выполнение правил. Формирование социальных навыков через подражание предполагает взаимообучение детей, т. е. более компетентный в какой-то области ребенок становится примером для подражания для других детей. Благодаря данным технологиям дети с особыми образовательными потребностями включаются в условия общеобразовательной школы. В процессе инклюзивного образования предметом оценки выступают как сами достигаемые образовательные результаты, так и процесс их достижения.

Выбор формы текущего оценивания определяется общими и специальными целями обучения, конкретными учебными задачами, целью получения информации. «Вместе с педагогом-психологом учитель продумывает такую стратегию работы со всем классом, при которой дети учатся оценивать не только результат, качество продукта учения, а процесс, т. е. степень прилагаемых усилий, активность, меру участия в групповой работе» [9. с. 102].

Таким образом, можно сказать о том, что роль инклюзивного образования повышается и в настоящее время целью образовательных организаций является создание «безбарьерной» образовательной среды, модернизация упорядоченной системы действий, выполнение которых приводит к гарантированному достижению педагогических целей.

Литература:

1. Закон РК «Об образовании». — [ЭР]. Режим доступа: <http://online.zakon.kz/Document/doc>
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2020-2025 годы. — [ЭР]. Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000>
3. Национальный план действий на долгосрочную перспективу по обеспечению прав и улучшению качества жизни инвалидов в Республике Казахстан на 2012 – 2018 годы (Постановление Правительства Республики Казахстан от 16 января 2012 г. № 6).
4. Комплекс мер по дальнейшему развитию системы инклюзивного образования в Республике Казахстан на 2015-2020 годы (приказ Министра образования и науки РК от 19 декабря 2014 г. №534). — [ЭР]. Режим доступа: <http://online.zakon.kz/Document/doc>
5. Повышение качества профессионального развития педагога: коллективная моногр. /Под ред. д.п.н. С.Д.Мукановой. Караганда: Типография «Tengri», 2015. — 232 с.
6. Малофеев Н.Н. XXI век: векторы модернизации системы образования детей с ограниченными возможностями здоровья // Открытая школа. — 2012. — № 9(120). — С.16–20.
7. Бабкина, Н. В. Психологическое сопровождение детей с ЗПР в общеобразовательной школе // Дефектология. — 2011.— № 4. — С.12–17.
8. Хитрюк, В. В. Основы инклюзивного образования

КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ, №19 ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЕНГІЗУ ЖҰМЫСЫ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Жанғали Ілияс Әбілқазыұлы
Көкшетау қаласы, білім бөлімінің
«№19 орта мектебі» КММ
Инклюзивті білім беру үйлестірушісі,
мұғалім-дефектолог

2014 жылдан бастап Білім басқармасының бұйрығына сәйкес № 19 орта мектебі Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту бойынша облыстық эксперименттік алаң (модельдік Ресурстық орталық) мәртебесіне ие болды.

Жалпы білім беретін мектепте білім алуында ерекше қажеттіліктері бар (бұдан әрі – БАЕҚ) балаларға арнайы көмек көрсетудің тұтас жүйесін құрудың маңызды қадамы осы балалармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау болды. Мұғалім БАЕҚ бар оқушылардың даму ерекшеліктері туралы, дамуындағы ауытқулардың себептері туралы, сондай-ақ оларды әртүрлі жалпы білім беретін пәндерге оқытудың арнайы әдістемесін меңгеруі керек. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асыру мақсатында ресурстық орталық туралы халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес Ереже әзірленді, мектепте инклюзивті білім беруді енгізу бойынша бағдарлама бекітілді.

Ресурстық орталық базасында материалдық-техникалық, педагогикалық, ақпараттық және басқа да ресурстарды біріктіру жүзеге асырылатын мектептің құрылымдық бөлімше сіболып табылады.

Инклюзивті білім беруді енгізу бағдарламасы жалпы білім беретін мектепке оқытуға БАЕҚ бар балаларды енгізу үшін қажетті жағдайлар жасауға, оларды табысты әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға және *білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің* және олардың ата-аналарына қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ғылыми-әдістемелік қызметтер кешенін көрсетуге бағытталған.

Ресурстық орталықтың қызметін ұйымдастыру-педагогикалық және әдістемелік сүйемелдеуді Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесі жүзеге асырады.

Мектеп психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін толықтыру үшін жыл сайын штаттық кестеге өзгерістер енгізіледі және бар штаттық бірліктерге қосымша өзгерістер енгізілді: инклюзивті білім беру үйлестірушісі, мұғалім дефектологтар, мұғалім логопедтер, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар.

Мектепте **әр түрлі санатты білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушылар** білім алады. Мектеп бойынша ерекше білімді қажет ететін оқушылардың келесі санаттары, бұл:

1. Көру кемістігі бар;
2. Естүкемістігі бар;
3. Сөйлеуінде ауыр бұзылыстары бар;
4. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы бар;
5. Эмоциялық-ерік қызметінің бұзылуы бар (аутизм);
6. Психикалық дамуында тежелуі бар;
7. Зерде бұзылыстары бар оқушылар.

Мүгедектігі бар балалар және үйде оқитын балалармен жан-жақты жұмыс жасалынады.

Үйде оқитын оқушылар дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК) мен психологиялық - медициналық педагогикалық кеңес (ПМПК) қорытындысы бойынша және ата-анасының қалауы бойынша оқиды.

Мектептегі БАЕҚ бар оқушылар келесі типтік оқу бағдарламаларымен оқытылады: I типті қосалқы бағдарлама бойынша оқиды, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған бағдарламасы бойынша және жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқиды.

2020/2021 оқу жылында № 19 ОМ инклюзивті тәжірибелерді енгізу 2020/2025 жылдарға арналған инклюзивті білім беруді дамытудың бекітілген бағдарламасы және 2020/2021 оқу жылына психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі толығымен мамандармен қамтылған. Жыл сайын инклюзивті сыныптарда жұмыс істеуге дайындалған мұғалімдердің деректер банкі жаңартылады.

2020/2021 оқу жылының басында БАЕҚ бар оқушылары үшін арнайы жағдайлар жасау мақсатында бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейінде психикалық дамуында тежелуі бар балаларға арналған арнайы сыныптар құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.02.2017 жылғы № 66 бұйрығымен бекітілген "Арнайы мектептер қызметінің типтік ережелеріне" сәйкес, жалпы білім беретін мектепте арнайы сыныптардың толымдылығы 12 оқушыдан артық болмауы тиіс, заңнамаға сәйкес биыл арнайы сыныптардың саны 4, сыныптарда оқушылардың саны 37.

Мектепте инклюзивті тәжірибелерді енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Жалпы білім беретін (инклюзивтік) сыныптарда БАЕҚ бар оқушылар жыл сайын толықтырылады. ҚР БҒМ № 66 бұйрығына сәйкес жалпы білім беретін сыныптарда БАЕҚ бар оқушылардың саны 3-тен артық болмауы тиіс.

Бірнеше жыл бойы ата-аналардың қалауы бойынша және медициналық педагогикалық кеңес қорытындыларына сәйкес психикалық дамуында тежелуі бар балаларға арналған арнайы сыныптарда оқушылар санының азаюы және жалпы білім беретін (инклюзивті) сыныптарда ерекше ерекше білімді қажет ететін оқушылардың көбеюі байқалды.

№ 19 орта мектептің БАЕҚ бар оқушылары 9,11 сынып бітіргеннен кейін жалпы негізде мемлекеттік үлгідегі аттестат алады және 100% жұмысқа орналасады. Негізінен Көкшетау қаласының №1 құрылыс-техникалық колледжі, 2 жергілікті жоғары оқу орындарына түсті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 ж. № 1193 қаулысына сәйкес мектепте зияткерлік және дене дамуында кемістігі бар балалармен жұмыс істегені үшін педагогтарды материалдық ынталандыру шаралары қабылданды, барлық мұғалімдерге білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен (арнайы және инклюзивті сыныптарда, үйде оқыту) жұмыс істегені үшін базалық жалақыға 40% мөлшерінде қосымша ақы енгізілді.

Мұғалімдердің, пән мұғалімдерінің, мектеп мамандарының кәсіби дамуы БАЕҚ бар оқушыларды сапалы оқыту мен оқыту деңгейін жақсартатын басты бағыттардың бірі болып табылады.

2014 жылдан бастап 2020 жылға дейін 20 мектепшілік іс – шаралар – оқыту семинарлары, коучинг сессиялары, тәжірибелі педагогтардың шеберлік сыныптары өткізілді. Мектепке жаңадан қабылданған педагогтар мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің барлық мамандары жеке кеңес береді. Инклюзивті білім беру курстарынан 48 педагог өтті.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары БАЕҚ бар оқушыларды оқыту бойынша өз білімдерін үнемі арттырып отырады, жыл сайын логопед мұғалімдер, дефектологтар және педагог-психологтар үшін инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтеді, себебі бұл мамандар мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен үлкен ақпараттық жұмыс жүргізеді.

Мектеп базасында 2014 жылдан бастап инклюзивті білім беру бойынша (аймақтық, облыстық, қалалық) 19 іс-шара өткізілді.

Соңғы 4 жыл ішінде Ақмола облысында инклюзивті білім беруді енгізу бойынша тірек мектептер мен әріптес мектептердің педагогтарына, сондай-ақ Көкшетау қаласының мектеп педагогтарына үнемі әдістемелік көмек көрсетіледі. № 19 ОМ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары қала мектептерінің педагогтарына арналған оқыту семинарларын өткізді.

Мектептің басқа ұйымдармен өзара ынтымақтастықты орнату бойынша жұмыстар өткізіледі. Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен, Ақмола облысындағы арнайы білім беру ұйымдарымен – Көкшетау қаласындағы № 1, №4 арнайы мектеп-интернаттарымен, № 10 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетімен, облыстық және қалалық ПМПК-мен ынтымақтастық туралы шарт жасадық. Жергілікті ЖОО – мен өзара тиімді ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды – Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті және А. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті.

Инклюзивті білім беру саласындағы мұғалімдердің, пән мұғалімдерінің, мамандардың кәсіби құзыреттілігі артады. Психологиялық қызметінің мамандары мен пән мұғалімдері инклюзивті білім беру бойынша халықаралық конференциялардың материалдар жинақтарында мектепте инклюзивті білім беруді енгізу бойынша жұмыс тәжірибесінен мақалаларды жариялады.

БАЕҚ бар оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетінде жеке қабілеттерін көрсету үшін жағдайлар жасалады. 2019/2020 оқу жылында мектеп оқушылары облыстық және қалалық фестивальдарға, конкурстарға, спартакиадаларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Әрине, білім алуында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау мақсатында мектеп әкімшілігінің, мұғалімдер мен мамандардың, ата-аналардың біріге отырып жұмыс жасауын әрі қарай жалғастыру қажет.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАНЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Жарасова Карашаш Абдесиновна

Жамбыл атындағы

№ 5 мектеп-гимназиясының

педагог-психологы

Жамбыл облысы Тараз қаласы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес мемлекет инклюзивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде дамуындағы ақаулықты түзету және әлеуметтік бейімдеу, олардың білім алуы үшін арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім– бұл мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жалпы білім беру үдерісіне қосылуына, яғни кедергілердің жойылуына және олардың сапалы білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік бейімделуіне бағытталған білім беру үдерісі.

Бұл үдерісте инклюзивті білім алушыға жан-жақты қолдау көрсете отырып, оның жалпы білім алуына барлық жағдай туғызуға кешенді түрде жұмыс жүргізілу маңызды. Инклюзивті білім алу қажеттілігі жалпы мектептегі оқу процесінің толыққанды мүшесіне жатпайтын, тілі мен діні бөлек жандар немесе сабаққа қатысқан жағдайда да тез деңгейде меңгеруінде қиындықтары бар әлсіз топтар және мүмкіндігі шектеулі азаматтар.

Инклюзивті білім алуға төмендегі санаттар бойынша жатқызылады:

- денсаулығында ақауы бар балалар (мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедек балалар);

- қоғамда әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық төменгі деңгейдегі отбасылардан шыққан девианттық мінез-құлықты балалар);

- мигранттардың, оралмандардың, босқындардың отбасыларынан шыққан балалар.

Инклюзивті білім беруді іске асыру отбасының белсенді қатысуымен, коррекциялық-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік қолдау мен балалардың жеке ерекшеліктерінің білім алу ортасына бейімделуі және білім алуына қатысты қажеттіліктерін, яғни білім алуға толық жағдайларды жасау жолымен жүзеге асырылады. Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету барысында ең әлсіз санаттағы мүмкіндігі шектеулі балалар ерекше назар аударуды қажет етеді. Инклюзивті білім беретін жалпы орта мектептерде сабақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға даралау тұрғысынан қарастырылып өткізіледі.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру – бұл даму мүмкіндігі шектеулі балалардың актуалды жағдайы және жақын даму перспективалары тұрғысынан баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін жүйелі түрде қадағалау, балаларды нәтижелі оқыту мен дамыту, нақты бір баланың түзете-дамыту, сөйлесу, психикалық күйінің проблемаларын шешу үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау.

Е.И. Казакова психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу «балаға, оның отбасына және педагогтерге көмек көрсету, оның негізінде өзекті проблеманың шешу жолын таңдауда дамыту субъектісінің барынша бостандығы мен жауапкершілігін сақтау; педагогтер, психологтер, әлеуметтік және медициналық қызметкерлердің күшін біріктірумен қамтамасыз етілетін мультипәндік әдіс. Проблеманың диагностикасы мен оны шешудің субъектілік әлеуеті, мүмкін болатын шешу жолдарын ақпараттық іздеу, әрекеттер жоспарын құру мен оны іске асырудағы алғашқы көмек арасындағы үйлесімді бірлік, даму субъектінің өзі әрекеттері үшін жауапты болатын бағдарлық аумақты құруда көмек көрсету» деп түсінеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәні – баланың әлеммен, қоршағандармен (ересектер, құрдастары), өзімен-өзілік қатынастың жүйесі ретіндегі оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу әр түрлі мамандардың (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың, әлеуметтік педагогтың) өзара тығыз әрекетін, жұмыстың командалық түрін білдіреді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде әзірленген және жүзеге асырылған технология болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері:

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қажеттілік анықтала салысымен бірден онымен қамтамасыз ету;
- қалыпты дамыған балаларды оқытуға қатысты қолданылмайтын оқытудың арнайы құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
- оқытудың таңдалған бағдарламасының баланың даму деңгейіне, шынайы жетістіктеріне (білім беру мониторингісі) сәйкестігін үнемі бақылау;
- балалардың психосоматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кеңістіктік және мезгілдік білім беру ортасын ұйымдастыру;
- баланы қоршаған барлық ересектердің оның білім алудағы ерекше қажеттіліктерін шешуге қатысуы.

Инклюзивті оқыту жағдайындағы психологиялық-педагогикалық қолдау әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай нәтижелі оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

- даму бұзылыстарын ерте түзету;
- балаларды әлеуметтендіруде, оқытуда жеке ыңғай жасау;
- оқуға ынтасын, дербестігін, әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту;

- өмірлік құзіреттердің дағдыларын қалыптастыру;
- ата-аналармен және құрдастармен конструктивті қарым-қатынас құру.

«Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» - деп неміс педагог-дефектологы П.Шульман айтқандай, мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыстың күрделілігі байқалады. Ерекше білімді қажет ететін баламен мектеп психологтарының, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан дамыту қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Мектебімізде инклюзивті біліммен қамтылған оқушыларды сүйемелдеуде, қолдау көрсетуде оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға қиындық туғызбайтын іс-тәжірибемізде қолданып жүрген психологиялық ойындар мен жаттығуларды қолданамыз. Психолог даму мүмкіндігі шектеулі балаға көңіл күйіне бақылау жүргізеді, ата-анасымен сөйлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан гөрі ата-анасымен қосылып, жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Инклюзивті біліммен қамтылған баланың психологиялық саулығын арттыруға, әлеуметтенуіне аз да болса өз үлесімізді қосып келеміз.

АУТИЗМ ДИАГНОЗЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жетписбаева Айсулу Абдукасимовна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
әлеуметтік ғылымдар факультетінің магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі кезде қоғамда көрініс беріп жатқан ауырудың бірі аутизм. Аутизм (гр. autos өзім) – тұлғаның қоршаған ортадан оқшаулануы, өз өзімен болуы және де іштей уайымға түскендегі адамдардың көңіл күйінің сипатын береді. Бұл аурудың пайда болуының нақты себептері толығымен айқындалмаған, дегенмен де көптеген ғалымдардың өздерінің зерттеулерінде аутизмнің туындау себебі ол – орталық жүйке жүйесінің бұзылуы деген тұжырымға тоқталады.

Жалпы алатын болсақ аутизмге ұшыраған баланың еркелігі басым, тәртібі нашар сияқты сипатта көрініс береді. Сонымен қатар, аутизммен ауыратын балалар аса тұйық болып келеді, сондықтан олармен жылы қарым-қатынас орнатып сенімін ұялату керек. Олардың тұйық болуларының өзіндік себептері де жоқ емес, айта кетсек: көру, есту кемістіктерінің болуы, сөйлеу процесінің дұрыс болмауы, баланың жиі оқшау қалуы және т.б. Мәселені зерттеуші ғалымдардың бірі Л. Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуынан деген тұжырым жасаған және келесідей:

- жалғыз қалуды ұнатулары;
- мимика, жест, дауыс және дыбыс ырғақтарының болмауы;
- әрекеттерінің шарттары тұрақты болу салдарынан тырысуы;
- эмоцияның өзгеше көрініс беруі, ешкіммен араласпайтындықтары;
- көзге тіке қарамау;
- біркелкі қимылдарды қайталаулары сынды көрсеткіштерін ажыратқан [1].

Аутизммен ауыратын балалар әлеуметтік өзара әрекеттесуді басқару үшін эмоция қолдана алмайтындықтары баршамызға белгілі. Олар кез-келген жағдайды дұрыс түсінбей, орынсыз эмоциялар арқылы әрекет етуі мүмкін. Бұл балалардың өмірінде эмоция маңызды мәнге ие.

Эмоция (фр. emotion, лат. enoveo - толғану) - адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы, қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй.

Эмоция организмнің әр түрлі қажетсінулерге қанағаттануына (ұнамды эмоция) немесе қанағаттанбауына (ұнамсыз эмоция) байланысты. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс-әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Оларға қуаныш, сүйіспеншілік және т.б. эмоциялар жатқызуымызға болады. Жағымсыз эмоция адамның іс-әрекетіне азды-көпті зиян келтіреді. Оларға қорқыныш, қайғы, абыржу, үмітсіздену, үрейлену және т.с.с. эмоциялар жатады. Адамның эмоциясын, оның мимикасынан, пантомимикасынан да байқаймыз. Аутизм диагнозы бар оқушылар қуанышты, қайғылы, депрессиялы, ашуланшақ немесе ашулы болуы мүмкін. Олар өздері білмейтін адамдардан гөрі өздері білетін адамдар білдіретін эмоцияларға көбірек жауап береді [2].

Аутизм диагнозы қойылған нәрестелер сезімдерін қалыпты дамып келе жатқан балалар сияқты тани алады. Бірақ бұл балаларда қалыпты дамып жатқан балаларға қарағанда эмоционалды реакциялары баяу дами түседі.

Ерте жастан бастап аутизммен ауыратын балалар басқалардың эмоционалды мінез-құлқы мен бет-бейнелеріне аз көңіл бөледі.

5-7 жасқа дейін бұл балалар қуанышты және қайғыны тани бастайды, бірақ оларға қорқыныш пен ашудың нәзік көріністерін сезіну әлде де қиынырақ болады.

Жасөспірім шаққа келгенде аутизм диагнозы бар жасөспірімдер қорқынышты, ашулануды, таңдануды және жиіркенуді, сондай-ақ дамып келе жатқан теңдестерін әлі де мойындамайды.

Ересек жасқа жеткенде, олар әлі де кейбір эмоцияларды тану қиынға соғады.

Мектеп жасына қарай аутизм спектрі ауыр емес балалар өз сезімдерін дамып келе жатқан балалар сияқты көрсетеді, бірақ олардың сезімдерін сипаттау қиынға соғады. Олардың эмоциялары аз деп айта аламыз. Демек, мектеп жасында аутизм спектрі бұзылған көптеген балалар қалыпты дамып келе жатқан балаларға қарағанда эмоцияны аз көрсетеді. Олар басқа адамдарға қызықты нәрселерді көрсетуге немесе басқалар көрсеткен қызықты нәрселерге жауап беруге бейімделе алмайды. Бұл әлеуметтік немесе ортақ назары деп аталып, оның болмауы аутизм диагнозының басты белгісінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, аутист балалар тобында байланыс тапшылығы кездеседі. Олар басқа балалармен араласпайды және көпшілігі өз құрдастарынан оқшауланып қалады [3].

Аутизммен ауыратын балалар көбінесе әлеуметтік өзара әрекеттесуді басқару үшін эмоцияны қолдана алмағандықтан, олардың басым көпшілігі жағдайларды дұрыс түсінбейді. Аутизм диагнозы бар балаларда:

- мимика мен олардың артындағы эмоцияларды тану;
- эмоционалды көріністерді көшіру немесе қолдану;
- өз эмоцияларыңызды түсіну және бақылау;
- эмоцияны түсіну және түсіндіру - олар басқаларға деген жанашырлықтың жоқтығын сезінуі мүмкін;
- эмоцияны тану және т.б. жиі қиынға соғады.

Мысалы, аутист бала құлаған іні-қарындасын жұбата алмайды немесе оның ағасы немесе әпкесінің жарақат алғанын түсінбейтіндіктен болуы мүмкін. Демек, аутист балаға екінші бір адамның қайғы-қасіретін түсіну қиындыққа соғады. Олар көзге қарауға аз уақыт, ауызға қарауға көп уақыт жұмсайды. Бұл дегеніміз, олар адамның бет-әлпетінен алатын ақпарат олардың сезімдері туралы аз хабар береді. Сонымен қатарларда эмоционалды реттеудің бірінші деңгейінде әртүрлі модальді сенсорлық жүктемелерге төзбеушілік және аффективті қанықтылық жоғары дәрежеде болады. Сыртқы байланыс пен алыс тітіркендіргіштерге жоғары сезімталдық құбылыстары (қатты дыбыстарға төзбеушілік, немесе дыбыстық тітіркендіргіштерге әлсіз реакция), ауырсыну мен интерцептивті сигналдар жалпы эмоционалды фонның бұрмалануына, жағымсыз аффективті бағалардың басым болуына әкеледі [4].

Аутист балалар көп жағдайларда біз күткен эмоцияларды білдіре алмауы мүмкін. Мысалы, олар айналасындағы адамдардың жағымды жаңалықтарына қуаныштарын білдірмеуі мүмкін, өйткені:

- олар жаңа ақпаратты бірден «қорыта» алмайды;
- олар жағымды хабарларды қуанышты жағдай деп санамайды;
- олар күткен (мүмкін, шын жүректен емес) қуанышты бірден жеткізуге қабілеті

жок.

Демек, аутизм диагнозы бар балалар кезкелген ақпаратқа әдет бойынша жауап бере алмайды. Сонымен қоса, олар басқа адамдардың сөйлеу тілін немесе дене тілін түсінуде қиындықтарға тап болады. Қарапайым адамдар, әдетте, біреудің сөйлеу мәнін бірден түсінеді және басқа адамның жасырын дене тілін түсіндіре алады. Нәтижесінде олар тез арада тиісті түрде жауап бере алады - сұраққа жауап беру, ашуланшақтық, ашулану, күлімсіреу және т.б. Алайда, аутизммен диагнозына шалдыққан адамдардың басым көпшілігі әлеуметтік коммуникацияның мағынасын түсініп, жауап беру үшін қосымша түзету жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Кейбір жағдайларда қарым-қатынас фразеологизмдермен, мысқылдармен немесе ауызша емес жасырын белгілермен байланысты болған кезде, олар жай ғана сөйлескісі келген нәрсені толықтай түсіне алмайды. Нәтижесінде олар орынсыз жауап беруі немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін. Бұл олардың әлеуметтік қарым-қатынасқа эмоционалды түрде жауап қайтара алмайтындығын білдірмейді, керісінше оларға берілген ақпарат түсінікті болуы үшін қарапайым ұғымдар арқылы және уақыт қажет екенін білдіреді [5].

Сенсорлық бұзылулардың нәтижесінде бағдарлаудың ерте формаларын бекіту пайда болады, байланыс тітіркендіргіштеріне тәуелділік басым болады (иіскеу, заттарды сору). Аутист балаларда объектінің жанасуын бағалау мектеп жасында жетекші болып қалыптасады.

Аутизм спектрі бұзылған балаларға эмоцияларды қалыпты білдіруге және оған жауап беруді үйренуге көмектесу үшін күнделікті өзара әрекеттерді қолдануыңызға болады:

✓ Эмоцияларды табиғи жағдайда белгілеңіз. Кітап оқығанда, видео көргенде немесе балаңызбен туысқандарыңыздың үйіне барғанда сіз әр түрлі эмоцияларды үлгі ретінде көрсетіңіз. Мысалы, сіз «Қара, сенің әпкең күліп тұр. Ол бақытты».

✓ Жауапты болыңыз. Баланың эмоцияларына жауап беріңіз, мысалы: «Сіз күліп тұрсыз, сіз бақытты болуыңыз керек». Сіз сондай-ақ өзіңіздің эмоционалды реакцияларыңызды ойнай аласыз мысалы, «Мен өте қуаныштымын! Маған бес деген баға бер».

✓ Балаңыздың назарын аударыңыз. Егер сіз балаңызбен қарым-қатынасқа түсіп, қойған сұрағыңызға жауап ала алмасаңыз, қайтадан әңгіме барысын жалғастырыңыз.

✓ Бетке қарауға және қарым-қатынасқа түскенде көзге қарауын сұраңыз. Сіз сөйлескен кезде балаңызды сізге қарауға шақыруды әдетке айналдырыңыз.

✓ Егер балаңыз бірден сұрап жатса, сіз ол сізге қарағанша күтіп, содан кейін оған қалағанын беріңіз. Балаңыздың назарын аудару үшін жарқын және мәнерлі дауысты қолданыңыз [6].

Ауытқу мен ашулану сияқты проблемалық эмоционалды реакциялар аутизм спектрі бұзылған адамдарда таңқаларлықтай жиі кездеседі. Бір қызығы, мұндай функционалды эмоционалды реакциялар формальды анықтаманың немесе әлеуметтік сипаттағы қарым-қатынастың жетіспеушілігін, шектеулі және қайталанатын мінез-құлықты қамтитын негізгі сипаттамалардың бөлігі емес.

Қорыта келе, аутизм диагнозына шалдыққан балалар үшін эмоциялар мен эмпатияны бастан кешіру қиын деген тоқтамға келе аламыз. Дегенмен, аутист балалардың эмоциясы бар және олар эмоцияны бастан кешіреді деген пікірді еш ойланбай айта аламын. Себебі, аутизммен ауыратын балалармен және ересектермен жұмыс және қарым-қатынас тәжірибесі бар кез келген адам сізге осыны айтады. Зерттеулер көрсеткендей, аутизм диагнозына шалдыққан адамдар өз эмоцияларын әр түрлі көрсетеді, олардың эмоционалды көрінісі көзге тию ықтималдығы аз, ал кейде олардың эмоционалды

реакциялары типтік емес себептерден туындайды. Алайда, сөзсіз, олар эмоцияны бастан кешіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ананьев Б.Г. Психология и проблемы человекознания. М.: «Институт практической психологии», 1996 стр. 56-71
2. Бардышевская М.К., Лебединский В.В. Диагностика эмоциональных нарушений у детей. М.: УМК «Психология», 2003 стр. 71-95
3. Бардышевская М.К., Цуканова Е.А. Анализ симбиотической привязанности у ребенка с тотальным мутизмом. //Московский психотерапевтический журнал. 2007, №1,
4. Лебединский В.В. и др. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция. М., 1990 стр. 152-186
5. Башина В.М., Красноперова М.Г., Симашкова Н.В. Классификация расстройств аутистического спектра у детей. // Аутизм и нарушения развития, №1, 2003 стр. 96-112
6. Изотова Е.И., Никифорова Е.В. Эмоциональная сфера ребенка: теория и практика. М. Изд. центр «Академия», 2004 стр. 154-169

**ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жиентаева Бегаим Жиентаевна
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Тұран-Астана университеті, Нұрсұлтан қ-сы

Қоғам дамуындағы болып жатқан өзгерістер мен қазіргі кезде әлемде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсумен қатар, білім беру жүйесінің алдына үлкен міндеттер қойып отыр. ХХІ ғасырда мемлекеттердің өркениеттілігі мен қуат көзі — шикізат байлықтарымен, көне тарихи-мәдени мұраларымен ғана емес, сол ел тұрғындарының интеллектуалдық, білімділік деңгейлерімен де анықталмақ. Олай болса, білім - мемлекеттің тұрақты экономикалық дамуы мен елдің бәсекелестік қабілетін анықтаушы фактор және қауіпсіздік кепілі деген сөз. Сондықтан да, қазақстандық білім саясатының басты міндетін шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде бүгінгі таңда елімізде инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға және мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуының құдіретті факторы болып табылатын білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше көңіл аударылып отыр [1].

Әлемнің дамыған елдерінде білім алуға ерекше қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру мәселесі бойынша оларды жалпы білім беретін мектептерде қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінген және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің елімізде де соңғы жылдары білім алуға ерекше қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру мәселесіне деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Шет ел тәжірибелерін талдап, зерделей келе мектептерде инклюзивті білім беру жағдайында білімді ізгілендіру, мұғалім шеберлігін жетілдіру және білім мазмұнын жаңартуды қамтамасыз етудің жолдарын нақтылаудың маңызы зор деп білеміз.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі ерекше қажеттілігі бар балалардың басқа балалар сияқты әлеуметтік бейімделуге, қоғамда өз орнын табуға толық жағдай жасайтын сапалы білім алуға құқылы екенін ерекше айту қажет. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептердің іс тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту соңғы жылдары педагогика ғылымында ерекше ғылыми зерттеуді қажет етеді және қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс тәжірибесінде инклюзивті білім беру жан жақты зерттелуі керек деп

білеміз. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне қарай ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беруді жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушылармен қатар ерекше қажеттілігі бар балалардың инклюзивті білім алуы өзекті мәселеге айналып отыр.

Это поможет такому обучающемуся не только выполнить задание, но и поверить в свои силы. Они это чувствуют и очень нуждаются в этом. Виды заданий на уроке постоянно меняются, учебный материал детализируется, преподносится небольшими порциями, постепенно, устанавливается связь между изученным и новым материалом. Таким детям поможет справиться с трудностями точная инструкция по выполнению задания. Самостоятельные и контрольные работы могут быть выполнены с использованием опорных карточек, в которых выписаны формулы с названиями, валентности, степени окисления. Во время работы нельзя допускать упреков, выговоров, необходимо исключить страх перед риском ошибиться, забыть, неверно ответить, а вот эмоциональное стимулирование и исключение из урока элементов скуки и серости даст только положительные результаты.

На уроке ребенку с ЗПР будет интересно, если виды деятельности часто менять, чередовать, применять разные методы обучения, часто делать минутки отдыха. Для этого не всегда необходимо вставать и выполнять физические упражнения, достаточно предложить утомившемуся ребенку стереть с доски, подать таблицу, принести тетрадь. Можно рассказать что-то смешное, интересное, потратив полминуты. Но какой будет результат! Учитель сам видит, как на все реагирует класс и принимает решение только сам. Задания формулировать так, чтобы там была опора на жизненные ситуации. (Например, при изучении темы признаки химических реакций привожу примеры из жизненного быта: гниение лука – появление запаха, потемнение серебряной ложки – изменение цвета и т.д.) Еще пример: тема «Условия протекания химических реакций» - какой сахар быстрее растворится в чае: рафинад или песок? Таким образом, у учащегося появляется мотивация (зачем это мне, для чего я это делаю).

Чтобы ребенок с ЗПР выполнил домашнее задание, тоже надо потрудиться и заранее продумать, как оно будет задано. Тут недостаточно просто написать его на доске или продиктовать вслух. Ему надо сказать несколько раз. Но где для этого взять время? Поэтому дома можно напечатать домашнее задание и предложить алгоритм его выполнения по образцу:

Прочтите текст задачи, вникните в ее суть.

- Выполните химическую часть задачи:

а) Краткая запись условия (дано, найти).

б) Химическая часть решения задачи → формулы, уравнение реакции.

- Выполните математическую часть решения задачи: найти молярные массы веществ, расчеты.

- Запись ответа.

Когда урок закончился, не забываю поблагодарить ребят за труд. Методы и приемы учителя-это средства, при помощи которых он добивается решения задач урока. Их следует умело отбирать и использовать. Комбинировать или менять методы нужно так, чтобы при этом происходила смена видов деятельности учащихся, чтобы во время работы было задействовано как можно больше анализаторов - слух, зрение, моторика, память и логическое мышление в процессе восприятия материала. Конечно, работая с детьми с особыми образовательными потребностями, необходимо учитывать и их психологические особенности. Чтобы урок удался, надо стараться отмечать хорошее в ребенке, а не плохое, не обращать внимание на не очень серьезные нарушения дисциплины, придумать какое-то особое слово, после произнесения которого ребенок поймет, что поступает не должным образом, разрешать такому ребенку переписывать работу, использовать систему оценки зачет- незачет, когда речь идет об оценке роста и развития ребенка. Если ребенку ЗПР трудно отвечать перед классом, то ему дается возможность представить выполненное задание в малой группе, которая позволяет таким ученикам раскрыться и учиться у своих товарищей. Хороший результат дает распределение учащихся по парам. Но все-таки необходимо таким детям предоставлять случаи, когда они сами учатся принимать решение.

Литература:

- 1.Якиманская И.С. Технология личностно ориентированного образования. - М., 2000.
- 2.Обучение восьмиклассников решению расчетных задач. Научно-методический журнал «Химия в школе».№9, 2003.
- 3.Сравните и почувствуйте разницу. Научно-методический журнал «Химия в школе». №4, 2015.
4. АлтынбаеваЛ.Ш., МагзумоваА.К., АлжановаГ.Ж. Химия. Сборник задач и упражнений. 8 класс.АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2018.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ҮРДІСІН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Каркабаева Парида Пазыловна

**«Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалыЖамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ
«Білім беру процесін психологиялық педагогикалық сүйемелдеу» кафедрасының
аға оқытушысы**

Инклюзивті білім беру жүйесі қиындықтар мен өзгерістерге берілетін статикалық құрылым емес, ол балалардың индивидуалды ерекшеліктеріне байланысты оқыту жағдайларын үнемі жетілдіруге бағытталған динамикалық процесс. Жалпыға білім беру мектебінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты құрбыларының қатарына қосу мен нәтижелі әлеуметтену жағдайлары ғана емес, сонымен бірге баланың барлық потенциалдық мүмкіндіктері анықталып, дамытуға бағытталған жұмыс жасалуы керек. Білім беру жүйесінің даму бұзылыстары бар балаларды жеке тұлға ретінде қабілеттерінің ашылып, максималды жетілуіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық реабилитациялауда үлкен мүмкіндіктері бар.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Зандарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте

және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым - қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір - біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым - қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы - құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету - өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан - жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде

балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.

- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.

- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Қорыта айтқанда инклюзивті білім беруді іске асырудағы қажетті көрсеткіштердің бірі – білімнің сапасы. Білім беру жүйесі оқушылардың қажеттіліктерін қамтып, білім алып, құқықтарын қорғай алуға көмек береді. Мұның барлығы жалпыға білім беру жүйесінен шеттетілген балалардың топтарына бағытталған мемлекеттің білім беру саясаты. Мұнда білім алу құқығы тек қолжетімділік ғана емес, сонымен қатар балалық шақтан үлкен болғанға дейін білім алу процесіндегі әр адамның жетістіктерге жетуі.

Қосымша әдебиеттер:

1. Білім туралы – Қазақстан Республикасының Заңы.- Астана, 2007
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000

3. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
4. Қазақстан-2030, Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы:Білім, 1998, 96 б.
5. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. www.egov.kz.
6. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
7. Концепция развития инклюзивного образование в РК. www.egov.kz.
8. Ж.Жанділдаева. Инклюзивті білім беру мазмұны. // Қазақстан мектебі, 2011, №7, 60-61 б.
9. К.Жарықбаев Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.
10. Э.Біләлова Оқушылардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту. // Психологияны мектепте және ЖОО-да оқыту, 2007, №1,11-13 б
11. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТАР МЕН МАМАНДАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ

**Кабылбекова Айгуль Сайлаубековна
Лапасова Тоты Омиркуловна
Жамбыл облысы Шу ауданы Балуан Шолақ ауылы
«Амира хайншайым» бөбекжай-бақшасы
тәрбиешілер**

Инклюзивті білім берудің маңызды принциптерінің бірі болып ведомствоаралық интеграция принципі мен әлеуметтік серіктестік болып табылады. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды білім беру арқылы интеграциялаудың стратегиялық мақсаттарына әлеуметтік серіктестік процесі мен жалпыға білім беру педагогтары мен медициналық, психологиялық және дефектологиялық бағыттардағы мамандардың үнемі өзара байланыстарында қол жеткізуге болады.

Педагогтар мен мамандардың өзара байланыстары деп баланың мәселелерін шешуде кешенді бағытты қамтитын, балалар мен жасөспірімдерді дамыту, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру міндеттерін шешуге бағытталған, білім беру процесінің субъектісіне (бала, топ, сынып) жетекшілік жасауға бағытталған түрлі мамандар мен педагогтардың біріккен іс-әрекеті саналады. Сонымен мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпыға білім беру процесінде педагогикалық қолдау көрсетудегі мамандардың өзара байланыстары психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жүйелі әсер деп қарастырады. Жүйелі әсер түрлі мамандардың (педагогтар, дефектологтар, психологтар, логопедтер) бірігіп жұмыс жасауы арқылы іске асырылады. Мамандар пәнаралық бағыт процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің стратегиясын, тактикасын, мазмұнын және динамикасын құрастырады, мүмкіндігі шектеулі баланың және оның отбасының мәселелерін кешенді және нәтижелі шешеді.

Мұндай өзара байланысқа кіреді: баланың мәселелерін анықтау мен шешуде, түрлі бағыттағы мамандардың көмегін ұсынуға кешенді жұмыс жүргізу; баланың жекетұлғалық және танымдық дамуын талдауда жан-жақты жұмыс жүргізу; баланы жалпы дамытуға және оқу-танымдық, тілдік, эмоционалды-еріктік және жекетұлғалық аймақтарының кейбір қырларын түзетуге арналған кешенді жеке бағдарламаларын құрау.

Өзара байланыс түрлі міндеттерді реттеу мен нәтижелі шешуге мүмкіндік береді:

- мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестен өткізу және оларды білім беру процесіне қосу жағдайын анықтауға, сонымен білім беру бағдарламаларын және инклюзивті сыныпқа (топқа) оқу-әдістемелік кешенін таңдауға;

- оқу құраладры мен дидактикалық материалдарын оқушыларға бейімдеу;
- жалпыға білім беру мекемесі мамандарының кәсіби құзыреттілігін жоғарылатуға бағытталған іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;
- біріккен іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру (пәнаралық консилиумдар, оқыту және тәжірибелік семинарлар, әдістемелік бірлестіктер және т.б.);
- жалпыға білім беру мекемелеріндегі инклюзивті тәжірибені бағалау және мониторинг жүргізу;
- барлық, нақты шешімдерді қажет ететін сұрақтар бойынша білім беру процесінің жалпы сапасын жоғарылату үшін, оның барлық қатысушылары: әкімшілік, педагогтар, мамандар, балалар мен ата-аналар;
- үнемі бір-бірімен бірлесіп жұмыс жасайды;
- бір-біріне көмек береді, көмек алады, кеңес береді, сыни ескертулер жасайды және тыңдайды;
- ортақ іске қосатын жеке еңбегі үшін бір-біріне сыйластықпен қарайды;
- жалпы мақсатқа жету үшін біріккен кәсіби топ ретінде нәтижелі жұмыс жасайды;
- педагогтар мен мамандар өздерінің, сонымен қатар жаңа педагогтың да кәсіби құзыреттілігін жақсарту үшін олармен үгіттеу жұмысын жүргізеді.

Инклюзияның мақсаттарын іске асыру үшін білім беру мекемесінде түрлі бағыттағы мамандар жұмыс істейді – дефектологтар, психологтар, логопедтер, тәрбиешілер, қосымша білім беру педагогтары, медициналық қызметкерлер. Инклюзивті топтағы жұмыс нәтижелі болуы үшін мамандардың өзара байланыстарын ұйымдастырудың түрлі жобаларын құрастыру қажет. Инклюзивті топтың іс-әрекетін басқару үшін жалпыға білім беру мекемесінде пәнаралық топтар құрылады.

Пәнаралық топтар нақты мектептің немесе балабақшаның (сыныптың) негізінде құрылады және келесі мамандардан тұрады: педагог-тәрбиеші, мұғалім, дефектолог, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогы, ата-аналар.

Пәнаралық топ жұмысының мақсаты: инклюзивті топтың/сыныптың іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру.

Пәнаралық топ іс-әрекетінің негізгі бағыттары: балаларды пәнаралық анықтаудан өткізу; пәнаралық анықтаудың нәтижелерін ескеру арқылы жеке білім беру жоспарларын құру; типтік білім беру бағдарламасына сай топтың (сыныптың) іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру; топта (сыныпта) күнделікті істер мен сабақтардың ретін жоспарлау; ата-аналармен бірігу мен өзара байланысу әрекеттерін талқылау және жоспарлау; төтенше жағдайларды талдау және оларды шешу әрекеттерін ұйымдастыру.

Педагогтар мен мамандардың топтық жұмысының бес негізгі принциптері бар:

- инклюзивті білім беруді бірыңғай психологиялық-педагогикалық идеология және стратегия екендігін қабылдау;
- маманның басқа пәндерге қызығуы, әмбебаптық пен жаңашылдыққа, жаңа білімдерді меңгеруге дайындығы;
- топ мүшелерінің барлығын сыйлау, түсіну, ашық болу, көмек көрсетуге дайын болу;
- білім беру процесінде топ мүшелерінің тең құқылы болуы;
- жалпы жұмыстың нәтижелеріне жауапкершілік;
- топ мүшелерінің рольдерін шешуде олардың басымдылығын сақтау.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің барлық кезеңдеріне қосылатын топтың жұмысында мамандардың мүмкіндіктері оптималды қолданылып, мүмкіндігі шектеулі баланың және оның отбасының мәселелері нәтижелі және кешенді шешіледі.

Пәнаралық өзара байланыстың нәтижелілігінің көрсеткіштері болып саналады: баланың даму деңгейі мен ерекшеліктерін, оның ресурстық мүмкіндіктерін ескеру; бейімдеу мен әлеуметтендіру міндеттерінің басымдылығы; инклюзивті орта субъекттері арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты ескеру; «қажетті маманды керек сәтте» баламен жұмысқа қосудағы адекватты реттілік; баланың білім алуға бейімделуі мен әлеуметтенуіне ата-аналардың қатысуы, олардың мамандармен серіктестік қарым-қатынасқа түсуі.

Мамандардың топтық жұмысының негізгі аспектілері: бірінші аспект:

балабақшадан мектепке дейін бірыңғай инклюзивті білім беру траекториясын жасау. Бұл міндетті нәтижелі іске асыру шарттары болып табылады:

- әр кезеңдерінің нормативті даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу;

- міндеттелген оқу нормативтерін емес, әр жас кезеңінің психологиялық және педагогикалық міндеттерін түсіну;

- «ерекше» балалардың ерекшеліктерінің механиздері мен себептерін түсінуге негізделе отырып, олардың психикалық дамуының өзгешелігін ескеру;

- даму нұсқаларының клиникалық көріністерін және көрсетілуі мүмкін медикаментозды көмек түрін білу;

- білім берудің әр баспалдағының ішкі білім беру міндеттерін ескеру;

- балалар қауымдастығының түрлі жасерекшілік кезеңдерінде өзара байланыстардың даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу.

Екінші аспект: білім беру мекемесін инклюзивті кеңістікті қалыптастыруға біртіндеп енгізу. Бұл бағыттағы пәнаралық қолдау көрсетудің ұйымдастырылған «қадамдарының» нәтижелілігі келесі жұмыстармен анықталады:

- инклюзивті білім берудің мағыналық кеңістігін анықтайтын нәтижелі мамандар тобын құрумен;

- баланың даму ерекшеліктеріне және білім беру мекемесіндегі білім ортасына адекватты баллар топтары немесе сыныптарының құрылуы;

- мүмкіндігі шектеулі балаға қажетті ретпен және тиіс мөлшерде нәтижелі көмек көрсету жолдарын қарастыру;

- білім беру бағдарламаларын тиімді модификациялау, баланың мүмкіндіктеріне сай бағдарлама материалдарын ретімен және тереңдетіп берудегі адекватты жұмысты құру;

- бірыңғай пәнаралық топ жағдайында жұмыс істеуге қажетті педагогтар мен басқа мамандардың квалификациясын жоғарылату және әдістемелік көмек беру;

- ата-аналармен психотерапевттік жұмыс жүргізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». А., 2010.

2. Дети с ограниченными возможностями: проблемы и инновационные тенденции, воспитание и обучение. Коррекционная педагогика и социальная психология /Сост. Н.Соколова - М., 2011.

3. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение развития ребенка: пособие для учителя-дефектолога /Под ред. Л.М.Шипицыной - М., 2005.

4. Алейникова С.А., Маркович М.М., Шматко Н.Д. Отношение педагогов и родителей к интегрированному обучению детей с нарушенным слухом //Дефектология. - 2005. - № 5.

5. Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога. - М.: Акад., 2002.

ТРЕНЕРЛІК ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АМАЛДАРЫ

Карымбаева Сағадат Мейрамбаевна
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Жамбыл
облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының тренери

Оқушының білім алудағы қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, мұғалімнің оқыту тәжірибесін жетілдіруді көздейтін Lesson Study тәсілінің тиімділігін көптеген елдер мойындап отырғаны сөзсіз.

Ғылым саласына «іс-әрекеттегі зерттеу» деген санаттың енгізілуін әдетте Курт Левиннің (1946) атымен байланыстырады, дегенмен 1926 жылы жарияланған Букингемнің «Оқытушыларға арналған зерттеулер» атты кітабында аталмыш үдеріс туралы айтылады [1,3-бет]. Іс-әрекеттегі зерттеу біздің тренерлік тәжірибеміз туралы түсінігімізді жетілдіруге, өзгертуге және жаңа үлгілерге ынталандыруға ықпал ететін «метатәжірибе». «Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді» [1,4-бет]. Сондықтан да тренерлердің іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуі маңызды деген пікірдеміз.

Пит Дадлидің сипаттауынша, алғашқыда енгізілуге тиісті өзгерістерді анықтау үшін Lesson Study тобының бірінші отырысы өтеді, одан кейін бірлесе отырып бірінші сабақ жоспарланады. Бұл үдерісті тренерлік тәжірибеге ендірген жағдайда зерттеулерден шығатын маңызды қорытынды: Lesson Study тыңдаушылардың оқуын зерттеп, оны жетілдірудегі басты бағыттарды анықтауға болады деп айтуға болады. Мұны Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларындағы бүгінгі саясаттан да көруге болады. Сондықтан педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру Бағдарламаларын меңгерту кезінде де тренерлердің кәсіби шеберлігін дамыта отырып, әркімнің өз оқыту аясында зерттеушіге айналып, тренерлік тәжірибесіне өзгеріс енгізе отырып, біліктілік арттыру саласындағы оқу мен оқытуды жетілдіруге зор ықпал етеді.

Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша біліктілік арттыру курсына Lesson Study жүргізілді. Педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті оқыту амалдарын қолдану тиімділігі зерттеу тақырыбы ретінде таңдалды. Әдіс білім мазмұнын жаңарту аясындағы біліктілік арттыру курстарында оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында жүргізілді. Үдерістің міндеттері мен күтілетін нәтижесі анықталды. Алғашқы кезеңде Дэвид Колбтың ересек адамдардың оқуы мен жаңа ақпаратты қабылдауының 4 сатылы моделіне сүйене отырып топ тыңдаушылар 4 топқа сараланды, олар: Белсенділер (жеке тәжірибесі мол, өзін көрсеткісі келеді, үнемі бір нәрсемен айналысуы тиіс) – 5 мұғалім, бақылаушылар (белсенді емес, бірақ тәжірибені түсіну үшін сырттай бақылайды, өзінше шешім шығарып отырады, талқылауға толық қатысады бірақ белсенді жұмыс жасауға қатыспайды) – 9 мұғалім, Теоретиктер (көп сұрақ қояды, заңдылықтар туралы, тарихын, шығу деректерін білуге тырысады, теориялық тұжырымдар жасайды) – 4 мұғалім, Прагматиктер (ізденіс үстінде, не үшін қажет, тәжірибеде қалай қолданамын, нәтижесі қандай болады деген ой маңызды) – 6 мұғалім. Әр сабақ барысында жаттығулар бойынша жетістіктерді бағамдау аспектілері бақыланды (1-сурет). Бағамдау нәтижелерін жазу кестесі толтырылды (2-сурет).

Lesson Study де басты тұлға - тыңдаушы. Сондықтан зерттеуге алынатын тыңдаушылар анықталды. Д.Колбтың ересектерді оқыту моделіне сүйене отырып тренерлік сабақтың құрылымы мына пайыздық көрсеткішке сай жоспарланды:

	Сабақ кезеңдері	Мазмұны	Уақыт бойынша
	Тәжірибесі арқылы түсіну	Жаттығулар, танымдық жаттығулар: сіз мұны өз	30 минут

		тәжірибеңізде қалай қолданып жүрсіз?	
	Бақылау, рефлексиялау	Шағын топта, үлкен топта бір-бірін тыңдату, ортақ шешімге келу	20 минут
	Теорияға жүгіну	Шағын дәріс түрінде Ұсыну, көрсету арқылы	15 минут
	Тәжірибеде қолдану	Осы ақпарат бойынша жаттығу орындау, әрекеттерді жоспарлау, қорытынды шығару	25 минут
	Барлығы:		90 минут

Келесі қадам ретінде Lesson Study кезеңдері жоспарланды:



Lesson Study үдерісінің барысынан көріністер:



Сабақтың ерекшелігі:

- ✓ Сабақ құрылымы Д.Колбтың ересектерді оқыту моделімен жоспарланды.
- ✓ Таңдалған әр тапсырма инклюзивті білім беру жүйесінің идеясы негізінде құрылды.
- ✓ Формативті сұрақтар жиі қолданылды.
- ✓ Кері байланыс түрлері әр тапсырмадан кейін қолданылды.
- ✓ Үдеріске қатысушылар (тренерлер) арасында әріптестік бірлескен жұмыс орнады.

Оқытуда кездескен кедергілер:

- ✓ Тыңдаушыларды бағамдау үшін көп уақытты және белсенді әдістерді таңдау көп ізденуді қажет етеді;
- ✓ Топтық жұмыста мұғалімдердің белсенділігі бір деңгейде болмады. Өйткені, белсенді мұғалімдер әрекетінің басымдығы топтағы бақылаушы және прагматик тыңдаушылардың ойлануына ықпал етті.
- ✓ Алғашқы сабақтарда күтілетін нәтижені анықтауда тыңдаушылардың келесі қадамына болжам жасау дағдылары төмен болды.

Зерттеуші тренерлердің ұсынысы:

- ✓ Топтық жұмыс кезіндегі топ мүшелерінің барлығы белсенділік таныту үшін әр топ мүшесіне тиісті жұмыс түрлерін белгілеу керек (рөлдерге бөлу/жеке тапсырма).
- ✓ Оқыту үдерісінде уақытты тиімді пайдалану үшін белгіленген сабақ кезеңдерін нақтылау керек және уақытты шебер қолдану қағидасын ұстану қажет.
- ✓ Оқытудағы тыңдаушылардың белсенділігін арттыру үшін топ мүшелерінің арасында өзара бәсекелестікті қалыптастырудың құралдарын табу қажет, сонда ғана тыңдаушылардың оқудағы ілгерілеуі байқалады. Ол үшін сабақ үдерісінде нақты бағалау критерийлерін жасау қажет және бағалау критерийлері мұғалімдерге түсінікті, анық болуы тиіс.

Тренерлердің сабақтан кейінгі рефлексиясы

Проблемалық тақырып педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті оқыту амалдарын қолдану тиімділігі болғандықтан, «білім мазмұнын жаңарту аясындағы біліктілік арттыру курстарында оқыту мен оқу үдерісін қалайша жақсартамыз?» деген сауалдар төңірегінде ой қозғадық.

Тыңдаушылар өз әрекеттерін бақылауға, рефлексиялауға дағдылана бастаған. Сондықтан Д.Колбтың ересектерді оқыту моделіне сәйкес жаңартылған білім мазмұны Бағдарламасының идеясын өз тәжірибесі арқылы түсініп, бақылап, рефлексиялап, өзіндік тұжырымдама жасауға және белсенді эксперимент жүргізуге жағдай жасаудың тиімді болатынына сенімді болдық. Біздің болжамымыз сәтті болды деп ойлаймыз.

Дэвид Колбтың ересек адамдардың оқуы мен жаңа ақпаратты қабылдауының 4 сатылы моделіне сүйене отырып топ тыңдаушылар 4 топқа сараланды, нәтижесінде 24 тыңдаушының ішінде белсенді мұғалімдер- 5 (20,8%), прагматиктер- 6 (25%), теоретиктер-4 (16,7%), бақылаушылар- 9 (37,5%) екені анықталды. Ендеше тыңдаушылардың осындай жеке даму траекторияларын ескере отырып жоспарлау қажеттілігіне басты назар аудардық. Жоспарлау кезінде бақыланатын сабақтың құрылымы да анықталды. Біздің байқағанымыз, мұғалімдер бірлесе жоспарлауға дағдыланған, бірден оқытуларындағы ортақ проблеманы анықтап, тақырыптың мақсаты мен күтілетін нәтижелерін жоспарлап кетті. Бақылаудан кейін сабақты талқылап, стикерге түсіріп, кестеге ілінді. Талқылау алдында хабарланған тақырып аясында жоспарланған сабақтың жетістігі мен оны жақсарту жолдарын анықтадық. Бұл ұсыныс бәрімізге түсінікті әрі әр мұғалімнің оқуын жақсартуға қатысты пікірлер болды. Талқылаудан кейін қайта жоспарладық. Екінші сессияда 2-сабақты өткіздік, сабақ бақыланды, сабақтан кейін кері байланыс алынды. Сабақтарға кері байланыс беруде тыңдаушылардың оқытуды жақсартуға ұсыныс бере алуы бізді қуантты. Әрине, қалыс қалып отырғандар да болды, алайда өз тәжірибесін ой елегінен өткізу кей мұғалімдерге қиын болуы мүмкін.

Бақылау кезінде біздің жоспарлауымыз бен оқытуымызда әлі де дамытуды қажет ететін басымдықтар бар екенін анықтадық, атап өтетін болсақ: тыңдаушылардың кейбірі өз оқытуларын басқарып тұрғанын білсе де тереңінен түсінбейді, яғни сабақты жоспарлағаннан бастап сабақты өткізгеннен кейін де келесі оқытуын жоспарлауда ескеретін мәселелер бар екеніне назар аудармайды. Осыдан барып қысқа мерзімді жоспарларына өзгерістерді ендіру себептерін және одан күтілетін нәтижелерін анықтауда қиналады. Біздіңше, бұл проблеманың шешімі - ұстаздарды өз оқуы мен оқытуын басқаруға бағыттау керек. Осыдан барып біз әр әдісті таңдағанда не мақсатпен таңдадық? одан не күтеміз? бұл әдіс тыңдаушыдағы қандай дағдыға негізделген? нәліктен тыңдаушы

осылай жауап берді? енді қай әдісті қолданамыз? деген сияқты сұрақтармен дамытуымыз керек. Осы орайда инклюзивті білім беру идеясына жүгіндік. Яғни, әр тыңдаушының жеке даму траекториясын бақылап, келесі қадамдарын жоспарладық. Әр әдістің астарында саралау әдістері алдын ала жоспарланды. Мұғалімдердің қажеттіліктеріне сай қолдау әрекеттері, жұмыс түрлері қолданылды. Гарднердің жиынтық зият теориясына сүйене отырып, саралауды уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады екен. Соның негізінде мұғалімдерде оқытуын жаңартылған білім беру мазмұнына сай жоспарлау дағдылары артады және оқушылардың білімдік жетістіктеріне жағымды үлес қоса алады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ис-әрекеттегі зерттеу. Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012. – 67 бет.
2. Тренерге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей бағдарламасы / Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. – 282 бет.
3. kk.wikipedia.org/wiki/Түсінік.
4. Дадли П. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері. Астана, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013. 68 бет.
5. Бағдарлама, Екінші деңгей бағдарламасы / Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. – 292 бет.
6. <http://cpm.kz/kz/portal/programs/day.php?ID=146404>
7. Чичибу Т. (Жапония), Ду Тоит Л. (Оңтүстік Африка), Тулепбаева А. (Қазақстан Республикасы). Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Ағылшын тілінен аударылған / Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013. – 70 бет.
8. «Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық – 2013» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының баяндамалар жинағы (Астана қ., 13-15 қараша, 2013 жыл). «Орта білім мазмұнын жаңғырту» секциясы. 1-том. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2013. 456 бет.
9. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей бағдарламасы / Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. – 280 бет.

АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

**Карымбаева Жупарзат Мейрамбаевна
Жамбыл атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы,
Жетібай ауылы, Байзақ ауданы, Жамбыл облысы**

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Осыған орай Облыстық білім басқармасының жүргізген зерттеулері бойынша 560 мектептің 20% педагог-психологтары психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік жеткіліксіз жүргізетініне, 30% оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жылдық жоспарында толық жетілдірмейтіндігін, 25% диагностикалау нәтижесінде кеңес беруде жалпылама сипаты басым болып, қабылданған шешімнің нақтылығы төмендігін, 25% зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасай алмағандығын анықтады. Алынған деректердің нәтижесі көрсеткендей,

қазіргі жаңа мектеп моделінің жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеткіліксіз деңгейі білім алушылардың жеке тұлғалық дамуына және оқуға деген ынтасының төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде ата-ана мен бала алдында мектептің тартымдылық рейтингісінің әлсізденуі білім сапасына әсер етеді.

Сонымен қатар оқыту мен оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеу дайындығы және қазіргі мектептегі білім алушылардың метатанымдық әлеуетін дамыту қажеттілігі арасында қарама-қайшылықтар туындады. Атап айтқанда:

- оқыту және оның мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу мен сабақ беруде сүйемелдеудің маңыздылығының қажеттілігі, қазіргі жағдайда мектеп психологтардың берілген ұсынымдар мен қорытындылар оқушының жеке білім беру траекториясын дамытпайтындығы;

- оқу мен тәрбие үдерісінде оқушының дамуы мен тұлғалық қалыптаспаудың қажеттілігі, қазіргі жағдайда психологиялық білімге назардың айтарлықтай аударылмауы;

-білім беруді модернизациялау жағдайында оқыту үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажеттілігі, бірақ психологиялық қызметінің құрастырылған жүйесінің болмауы;

-белсенді оқыту, білім алушылардың қалыпты дамуының диагностикасы мен түзетудің заманауи әдістерін білу қажеттілігі, ал қазіргі жағдайда психологиялық тәжірибе әдіснамасының толық қамтылмағандығы, психологиялық қызметті жоспарлау іс-әрекетінің жеткіліксіздігі;

-психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту қажеттілігі, ал қазіргі жағдайда білім алушылардың мектеп психологының диагностикасын толық меңгермегендігі.

Шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процесін басқаруда коммуникативтік әдістің кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

- Оқушының оқу үрдісіне қызығушылығын тудыру.
- Қарым-қатынас жасауға үйрету.
- Біліктілік, іскерлік дағдысын қалыптастыру.
- Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.
- Белсенділігін арттыруға жағдай жасау.
- Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай туғызу.
- Білім сапасын көтеру.

Себебі қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге және жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Өз сезімін (эмоциясын) басқару. Эмоциялар психикалық сфераға қатысты адам эмоциясы өте күрделі процесс әрі объективтік шындықтың бейнеленуі ретінде қабылданады. Ол әрдайым адамның белсенді қызметімен байланысты туындап жүзеге асады. Жағымды эмоцияны тәрбиелеуде мұғалімнің, ата-ананың, ересектердің достардың сөздерінің алатын орны ерекше. Сөз жеке адамға әсер ететін қуатты фактор. Адамдарға сөзбен ықпал етебілуді үйрену, сергектік,ықыластылыққа байланысты. Ықыласты, сезімтал сергек адам өзіне де, басқа адамға да эмоциялық әсер етіп, балаларды қуанышты көңілді сезімге тәрбиелей алады.

ШЖМ басшысының шеберлігі - бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқытуға оқыту өнері. Қазіргі заман мұғалімнің тұлғалық белгісі - ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам басамын деген әрбір мектеп басшысы өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет.

Қатысушылар: ШЖМ мұғалімдері

1) Ұйымдастыру шаралары: тіркелу, аудиторияға жайғастыру, топ ережесін еске түсіру.

2) Зияткерлік қырлары туралы не айтар едіңіздер? Пікірталас

Зияткерлікті ақыл-ой қабілеттерінің тестілерімен өлшенетін құбылыс ретінде қарастыратын ғалымдар мен зерттеушілер үшін зиятқа қатысты жаңа ой-пікірлер әрдайым проблема болып жүр. Говард Гарднер субъектілер көп қырлы зиятқа (КҚЗ) ие деп есептеген. Сол арқылы ол зиятты өлшенетін және зияткерлік коэффициентіне (IQ) қосылатын бірыңғай және жалпы қабілет ретінде қарастырмай, керісінше, лингвистикалық, математикалық, музыкалық, кинестетикалық және тұлғааралық қабілеттер мен кеңістікте бейімделу қабілеті сияқты өзара әлсіз қарым-қатынаста болатын көптеген зияткерлік қырлары бар екенін мойындауымыз керек деп қорытады. Қазіргі уақытта зияттың қырларын анықтауға және өлшеуге арнап әзірленген нақты кешенді тестілер жоқ. Мидың жұмыс істеуі жөніндегі зияттың қырлары тұжырымдамасын қолдайтын зерттеулер, тұтастай алғанда, әлі де жалғасып жатыр, бірақ олар Говард Гарднер теориясының ерекшелігін қолдай бермейді. Зиятқа қатысты соңғы зерттеулер, атап айтқанда, Роберт Стернберг ұсынған «үштік модель» теориясы Гарднердің зияттың стандартты теориясына сенімсіздігі туралы ойларымен ұштасып жатты. Алайда, Гарднерге қарағанда, Стернберг адам санасында өңделетін нақты материалға аса мән бермейді. Оның орнына ол зияттың компоненттік, эмпиристік және мәнмәтіндік аспектілеріне назар аударады. Стернберттің айтуы бойынша, адами зият – бұл «жеке тұлғаның өміріне қатысты шынайы ортаны бейімдеуге, іріктеуге және құруға бағытталған ой әрекеті», яғни зият жеке тұлғаның өз өміріндегі қоршаған орта өзгерістерін қалай жеңе алатынын көрсетеді.

3) Когнитивті үдерістер (Слайд).

Когнитивті психология. Бұл теорияның өкілдері – когнитивті психологтар белгілі бір материалды қабылдауға қатысты адамдардың санасында болып жатқан үдеріс мәселелерін зерттейді. Танымдық үдерістерді (есте сақтау, қабылдау), зиятты және даму кезеңдерін анықтауға арналған қазіргі заманғы және ертеде жарияланған зерттеу әдебиеттері жеткілікті. Қазіргі заманғы неврологиялық әдістерді пайдалануға және жеке тұлғаның жалпы оқуына қатысты мәселелерге баса назар аударыла бастауына байланысты, осы теориялардың кейбіреулерінің дамып, өрістеуіне жол ашылды. Осы тарауда танымдық теориядағы өзгерістер есте сақтау және зияткерлікке қатысты соңғы зерттеулер тұрғысынан қаралған. Пиаже теориясына жүгіну 1960 жылдары когнитивті психология әлемінде ойлауды дамыту теориясы тұрғысынан Жан Пиаженің ғылыми идеялары басымдыққа ие болды. Сол кезең үшін бақылау мен эксперимент жүргізудің тиімді әдістерін жасаған Пиаже мүлдем өзгермейтін және әмбебап кезеңдерде жүзеге асырылатын жалпы танымдық операциялардың кешенді даму көрінісін нанымды дәлелдеп шықты. Пиаже кеңістік, уақыт және сандық аспектілерді қамтитын дамудың жалпы кезеңдерін анықтады. Алайда, қырық жылдан кейін қазіргі заман психологтары әрбір аспектіге өзіндік ережелер мен жүзеге асыру операциялары тән екенін анықтап, жалпы сатылар мен құрылымдар болатынына күмән тудырды. Пиаже зияткерлікті барлық жеке тұлғаларда бірдей дамиды деп бірыңғай жалпы қабілет деп есептеген. Қырық жылдан кейін ғалымдар адамдар ерекше түрде жұмыс істейтін және өзара қарым-қатынаста бола алатын көптеген салыстырмалы түрде тәуелсіз «зияткерлік қабілеттерге» ие деген пікірге келді.

Пиажені жеке айырмашылықтар қызықтырмаған, ол «эпистемиялық субъектіні» зерттеген. Бұл саладағы көптеген соңғы зерттеулер жеке ерекшеліктерге шоғырланған, мұның өзінде айрықша таланттар мен кемшіліктер, қабілеттердің өзіндік құрылымына және шектеулі мүмкіндіктердің өзіне тән айырмашылықтарына аса мән берілген. Пиаже жаңа туған нәрестелердің «ана сүтімен қоректену», айналадағыны аңдау сияқты шектеулі биологиялық қабілеттермен бірге, оқудың – ассимиляция және бейімделу деп атаған басты екі үдерістеріне ие екені туралы да болжаған. Қазіргі психологтар адам біраз туа біткен қасиеттерге немесе жеңіл түрде айқындалатын танымдық қабілеттерге ие деген қорытындыға келіп отыр. Пиаже танымдық дамуды өсіп келе жатқан баланың физикалық немесе азын-аулақ дәрежеде әлеуметтік дүниемен өз бетінше эксперимент жасауы деп қабылдап, тарихи және мәдени факторлардың маңыздылығын ескермеген. Қазіргі

теорияларға сүйенсек, даму ерте кезеңдерден басталады, бұл жағдайда әлеуметтік органның дамуға әсері елеулі болмақ. Сонымен бірге Пиаже біртұтас танымдық тетіктердің, моториканың көріністері ретінде тіл және басқа да графикалық, музыкалық бейнелер сияқты таңбалардың жүйесін қарастырған. Гарднердің зияттың қырлары туралы соңғы уақыттағы зерттеулері әр жүйенің өзіне тән шығу тегі болатындығын және олардың мәдени, уақыттық мәнмәтіндер жүйесінде қолданылуы елеулі ықпал ететінін болжайды.

3) Карл Роджерстың «Мен» тұжырымдамасы мен Авраам Маслоудың «қажеттіліктер иерархиясы» (таныстырылым).

Өткен ғасырдың 70–80-жылдарында оқу туралы көптеген теориялық зерттеулер гуманистік психологияға негізделген болатын, әрі адамның өсу әлеуетін «мен» тұжырымдамасына баса назар аудара отырып қарастырған. Түсінуді дамытуда жеке еркіндік, таңдау, ынта және сезімдердің мәні де зор екендігі туралы пікір осыған түрткі болған факторлардың бірі болып танылды. Ынтаның иерархиялық моделін әзірлеген танымал ғалым Авраам Маслоу болды. Төменгі деңгейге ол физиологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге – өзін-өзі көрсете, таныта білуді қойды.

М.МОНТЕССОРИДІҢ ЕРКІН ТӘРБИЕСІМЕН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰШТАСТЫРЫЛУЫ

**Кереева Жанат Раисовна
Масакова Маржан Суановна
Жамбыл облысы Шу ауданы Берлик ауылы
«Алмар» бөбекжай-бақшасы
тәрбиешілер**

Еркін тәрбие – баланың өзін-өзі тануына, қоршаған ортамен етене танысуына, баланың табиғатын тәрбиелеуге бағытталған еркін тәрбие.

Тәрбиеленушінің қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған еркін тәрбие.

Еркін тәрбиенің маңызды қағидалары:

1.Педагогтың баланың қабілеттілігіне деген сеніміне сыртқы жағдайлардың (отбасы, шыққан тегі, ата-анасы) кері әсерін тигізуі:

2.Тәрбиешінің баланы өзінің ой-өрісімен дамуына мүмкіндік беруі, толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптастырады:

3.Өзін-өзі тәрбиелеуге, мәдениетке, ой-өрісін дамытуға, білімін жетілдіруге ынталандыру:

Еркін тәрбиені қолдаулардың қатарында көптеген қоғам қайраткерлері, дәрігерлер, жазушылар, педагогтар және философтар бар. Еркін тәрбие өзіндік педагогикалық қозғалыс ретінде ХХ-ғасырдың басында қалыптасты.

Еркін тәрбиенің қағыдасының қалыптасуына негіз болған Ж.Ж.Руссо. Ол кіші топтағы балалардың сезімталдық арқылы көріп, білуіне көп көңіл бөлген. Руссоның қағыдасы бойынша педагог балаға өзінің дегенін орындатпай, керісінше баланың өзіндік дамуына ыңғайлы орта қалыптастыруы қажет деп ойлаған.

Еркіндік баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының қажеттілігі – бұл М.Монтессоридің концепциясының негізі болып табылады. Мария Монтессори қатал діни отбасында дүниеге келген. 1896 ж Монтессори ЖОО бітіріп, алғаш әйел медицина ғылымының докторы атағын алады. Оның көптеген жолдарды таңдауы бола тұра ол ең қиын жолды таңдайды: Ол ақыл есі кем балалар мен жағдайлары төмен отбасы балаларына мектеп және ғылыми – педагогикалық институт ашып, онда өзінің тарихқа енген Монтессоридің «Золотой материалы» атты дидактикалық материалын ойлап табады. Өзінің көптеген еңбегінің арқасында өзінің тәрбиеленушілері 1900 жылы Римде өткен алимпиадада қалыпты орта мектептің балаларынан оқу, жазу, санау жағынан

алдыңғы орындардан көрінеді. Монтессори өзінің зерттеулерін жалғастыру үшін көптеген бастауыш мектептерге барып оқыту әдіс-тәсілдеріне көңіл бөліп: педагогтың нұсқауымен жүрген балалардың қимыл-қозғалысын, табиғи дарынына зейін салып қадағалауға болмайды деген ойға келеді. Демек мектеп баланың еркін дамуына қолдау жасаудың орнына, баланы өзіндік жеке тұлға ретінде қалыптасуына кедергі келтіреді. Осыдан М.Монтессоридің педагогикалық кредасы қалыптасады: Балаға тек қана қимыл-қозғалыс еркіндігі берілген жағдайда ғана тәлім-тәрбие болуы мүмкін, бірақ ол еркіндік тек қана баланың өміріне қауіпті болмауы тиіс.

Монтессори үшін еркіндік бір жағынан табиғи еркіндік (бойының өсуі, дамуы) ал екінші жағынан – бұл таңдау еркіндігі. Бірінші жағдайда бала жан-тәнімен даму сатысындағы тірі организм, ал екінші жағдайда балады еркін таңдау қабілеті қалыптасады. Ол міндетті түрде баланы жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізеді.

Монтессоридің еркіндік қағидасы баланың тәлім-тәрбие тәртібіне негізделген. Оның ойынша еркіндік бұзықтық,қырсықтық, тыңдамаушылық емес, ал тәрбиелік, мәдениеттілік, өз ойын бұғып қалмау, айналамен үйлесе білуі.

Монтессоридің ойынша кез-келген тіршілік иесі еркіндікке талпынады, демек дамып келе жатқан бала тумасынан еркіндікке ұмтылады. Осыдан Монтессоридің түйіндеуінше баланы жеке тұлға ретінде тәрбиеші қалыптастырмай, керісінше бала өзін-өзі тәрбиелеуге, дамытуға қалыптастырылуына жағдай жасау қажет. Монтессори педагогикасы негізі тәрбиешіден емес, баладан басталады. 3-6 жас аралығындағы бала өзін-өзі белсенді түрде қалыптастырады. Ол көрген затын қолымен ұстап, сезіп,үлкендерден естіген заттың атын зейініне сақтайды. Оның қимыл-қозғалыстары көбейеді. Ол дамып таппай әңгімелесуге құштарлық білдіреді. Сөз қорын көбейтеді. Бала 4-6 жасқа дейін аптасына 250 жаңа сөз қабылдай алады. Ол өз киімін өзі таңдағысы келеді және үлкендерге тәуелді болғысы келмейді екен.

Монтессоридің ұстанатын ұраны: «Өзім жасауыма көмек бер», «Мен өзім»-тәрбиеші баланың бұл тілегін орындауға міндетті. Монтессоридің ойынша баланың еркіндікке деген ынтасын үлкендер тарапынан қолдау табуы тиіс. Және де бала өз-өзіне сенімді, ешкімге тәуелді болмауы үшін еркіндік күнделікті тәрбие жұмыстарында өз орнын табуы тиіс.

Сырт көзге Монтессоридің педагогикасы балаларға тым шектен тыс еркіндік беріліп, балалар білгендерін,қалағандарын жасап, бұзықтық пен қырсықтыққа жол беріледі деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Шын мәнінде монтессори педагогикасында еркіндікке шектеу бар, біріншіден басқа балалар мен ұжымның қажеттілігі (мыс: басқа балаларға кедергі келтірмейтін нәрселерге рұқсат беріледі, «әр затты немесе нәрсені өз орнына қою қажет») және екіншіден, жұмыстың жасалуы («бос отыруға болмайды», «бастаған істі міндетті түрде аяқтауы тиіс») Монтессори тек осы жағдайларда ғана бала өзін-өзі тәрбиелей алады деп ойлаған. Оның еркіндік деген мағынасы-жағдай жасалынған қоршаған ортадағы баланың еркін қимыл-қозғалысы, жұмыс жасайтын орнын еркін таңдауы, өзі қызыққанг пәнді және дидактикалық материалды еркін таңдауы, өзі қалаған баламен қосылып жұмыс жасауы. Осы жағдайларда бала өзінің мүмкіндігін бағалауға үйреніп, өз шешімін жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Мүмкіндіктері әр-түрлі балалардың бір топта болуы олардың өз өзіне деген сенімділігін арттырады және де біліммен алмасу процесі жүреді, яғни үлкеннен кішіге.

Инклюзивтік білім беру барлық балаларды оқытуқажеттілігіне негізделеді, мұнда маргиналдау мен қатардан шығару салдарынан ең осал болып отырған топқа ерекше назар аударылады.Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне,

жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.]Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз, Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ .

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Кошербаева Жулдыз Султановна

**Өрлеу БАҰО АҚФ Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және инклюзивті білім беру
кафедрасының аға оқытушысы**

*Бала кемістігінің даму деңгейі неқұрлым төмен болса,
соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу
керек. Неміс педагог-дефектолог*

П.Шуман

Инклюзив дегеніміз –(лат.includio кірістіремін, қосамын) – деген мағынаны білдіреді. Мысалы, сенімен біз, біз сенімен.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну» деп атап көрсеткен. Сол себепті де білім беру саласын -дағы өзекті мәселенің бірі – инклюзивті білім беру. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті. Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін тауып жатыр. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Қазіргі таңда балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына барлық жағдай жасалуда. Сонымен қатар елімізде инклюзивті білім беруді дамыту дұрыс жолға қойылған.

Инклюзивтік оқыту деген не?

Бүгінгі күні мүмкіндігі шектелген балаларды инклюзивті оқыту неге өзекті мәселеге айналып отыр деген сұраққа тоқталсақ.

Инклюзивтік оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивтік оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивтік оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивтік оқытудың негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету- өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті білім беру-барлық балаларды жалпы білім үрдісінде толық енгізу және әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.

Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады: логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі.

«Бәріне бірдей мүмкіндік » принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне « Сапалы білім барлығы үшін » түсінігімен бірге қолданылады. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау.

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбінде арнайы мектеп - интернаттарда білім алады. Жалпы мектептердегі мұғалімдер кемтар бала сыныпқа келген кезде оны қандай оқулықтармен оқытып, қандай әдістемелік құралдарды пайдалану керектігін білмейді. Бұл мәселенің артынан туындайтын мәселе кадр жеткіліксіздігі. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді қолға алына бастады.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, қоршаған ортаға бейімделмеген және психологиялық когнитивтік процестері, кеңістікті бағдарлауы, өзін бағалауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі бес-алты жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші немесе арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда

жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарлама мен оқуына толық құқылары бар. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы (психолог, әлеуметтік мұғалім, олигофрено педагог, логопед) мұғалімдер болмаған жағдайда, тәрбиешілерді, бастауыш сыныптың мұғалімдерін, қазақ тілі мұғалімдерін арнайы курстарға жіберіп оқытуға болады.

Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшелітерінен тыс сапалы білім беру болып табылады.

Әр облыстарда, қалаларда, аудандарда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын «Педагогикалық-психологиялық түзету мекемелері» ашылған.

Бұл мекемелерде денсаулығында әртүрлі ауытқушылықтары мен кемшіліктері бар балалармен түзету жұмыстары жүргізіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заңын іске асыру бағытында Жуалы ауданында Бауыржан-Момышұлы ауылында "Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" мемлекеттік мекемесі облыстық әкімнің бұйрығымен 2006 жылдың ақпан айынан бастап ашылды. Мемлекет есебінен балалар үшін алынған әртүрлі әдістемелік көрнекі құралдармен және балаларға емдік дене шынықтыру залымен, балалардың ойлау қабілеттерін дамытатын әдістемеліктермен қазіргі заманға сай жабдықталып, түзету жұмыстары жүргізілуде. Баланың бойындағы кемістікті түзету үшін ыңғайлы орта, жағдай жасалуы керек. Мұнда арнайы мамандар: педагог-психолог, педагог-логопед, педагог-дефектолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, массажист, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерге мүмкіндігінше жағымды жағдай жасап, баланың жасына, жеке ерекшелігіне байланысты түзету жолдарын іздестіріп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, еңбек етуде.

Мекеменің мақсаты: мүмкіндіктері шектеулі балаларды түзете – дамыта оқытып, кемшіліктердің орнын толтыра білім беруді ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте жастан түзету, психологиялық көмек көрсету.

Күні бүгін ауданымызда даму мүмкіндігі шектеулі 113 бала анықталған. Солардың ішінде қазіргі күнде бізде 64 бала тізімге енгізілген. Мемлекеттен жәрдемақы алатын 33 бала, үйде оқытылатын 9 бала, мектепте оқытылатын 33 бала тіркелген. Мүмкіндігі шектеулі балалар қабылданып, олардың ата-аналарынан анкеталар алынып, олардың жеке әлеуметтік тұрмыс жағдайы туралы төлқұжат жасап, барынша көмек берудеміз, балаға педагог мамандар топтық командалық бағалау жүргізеді, қандай оңалту және түзету жұмыстарын жүргізу керектігі талқыланады. Балаларға жеке дамыту бағдарламалар жасалып, кезең бойынша балаға оңалту және түзету жұмыстары жүргізіледі. Жоғарыда айтылып кеткен **инклюзивтік оқытудың негізгі принциптеріне** сүйене отырып мамандар балаларды әлеуметтік- психологиялық тұрғыдан қоршаған ортаға бейімдеміз, бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауға үйретеміз, дұрыс сөйлей білуге, өзіне-өзі қызмет жасай алмайтын балаларға өзіне-өзі қызмет жасауға бейімдейміз, өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекеттерін жүзеге асыруға көмек көрсетеміз, жан-жақты баланың өмірінің даму аясын кеңейтеміз.

Қазіргі кезде мекемеде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге өз үлесімізді қосуды мақсат етіп келеміз.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындығын байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек

дегенді атап айтады. Біздің мекемеде коррекциялық сабақтар, тренингтер жүргізіледі. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың өзіне 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты т.б әдістемелерді қабылдау арқылы жүзеге асырады. Бізге келетін балаға сабақ беретін маман алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алады. Ол үшін «Дөңгелек кию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың психологиялық танымдылықтары мен сөйлеуге деген ынтасын дамытып, қабілетін арттырып отырамыз. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ ертегілерді көп қолданамыз.

Педагогикалық-психологиялық түзету кабинетіне келетін мүгедек балалардың ата-аналарына психологиялық кеңестер беріледі. Әлеуметтік педагог әр баланың ата-анасымен байланыс орнатып, отбасындағы туындайтын қиындықтары мен мәселелері жайында толық ақпарат алып отырады. Мамандар оларға балаларының денсаулығының жақсартуына байланысты пайдалы кеңестер беріледі, отбасылық жағдайы төмен отбасыларға мекемеден, үкіметтен көмек беріліп отырады.

Мұнда балалар мамандардың қарамағында болып, бір - бірімен танысып, ұжымдық тәртіпке үйреніп, дәріс алады. Балалар әр маманмен бірге ұсақ қол жаттығуларын орындап, бұлшық еттердің қызметтерін жақсартады, сюжетті рөлдік ойындарды сахналауды үйренеді. Мекемеде мүмкіншіліктері шектеулі балалардың толықтай дамуына, өзгерістерді түсінуіне, білімін жетілдіруіне жағдай жасалған.

Осы уақытқа дейін біздің қоғам дене кемістігіне қатысты психологиялық мәселеге ат үсті қарап, оған тек медициналық тұрғыдан жауап беріп келеді. Ал ата-ана көзқарасы тек ауру баласын дәрігерге көрсетумен шектеліп, әлеуметтік-педагогикалық түзету жолдары шет қалып келсе ендігі уақыттарда ол ерекше қолға алынды.

Ақыл - ойы кем болған балаларға әлеуметтік көмек көрсету барысында медициналық бейімдеудің маңызы зор . Осындай ақыл - ойы кем балалармен емдік дене шынықтыру жаттығулары , жалпы денсаулыққа пайдалы емдеу шаралары, емдік массаж, арт-терапия, музыка терапиясы, ертегі терапиясы қолданылады.

Ақыл ойы - кем балаларды оқытудың негізгі әдісі – мектепте оқитын балалармен мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқыту болып табылады . Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, қалыпты дамуын қадағалап , зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту, тәрбиелеу- басты мақсат болып отыр.

Біріктіре оқуға негізделген балаларды таңдау психоэмоционалдық дамуы терең бұзылған балалар қалыпты балалар арасында тәрбиелене алмайды. Ақыл - ойы кем балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасауға бағытталған.

Сондықтан мекемеде арнайы жұмыс тобын құрып, әр баланың қабілеттерін анықтап, дұрыс бағыт – бағдар беріп, жарымжан балалардың жастайынан жасық болып өсуіне жол бермеу үшін мамандар әр баламен түзету жұмыстарын жүргізеді.

Ақыл - ой сезімі адамның кез-келген әрекеттегі рухтандырушылық маңызы зор көңіл - күй болып табылады. Ал сондай ақыл - ой сезімі кейбір балада жетілмей артта қалып қояды. Оның себебі негізіне тұқым қуалаушылық, ортаның экологиялық әсері , отбасының әлеуметтік жағдайы . Мұндай ауруларға ұшырау салдарынан жапа шеккен балалар, дене кемістіктеріне ақыл - ой кемшілігі қосылып, ақыл - есі тоқырап қалған балалар, тағы да басқа себептермен кеміс болып қалғандар жатады. Сонмен бұл топқа дені сау, бірақ тұрмыс жағдайының ауыр болу себептерінен бір қалыпты дамымай қалған балаларды да қосамыз.

Жоғарыда айтылған ойларымды қорыта келе, инклюзивті білім беру жүйесін қолдаймын. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларда дене кемсітігіне немесе ақыл-ойының баяу дамуына қарамастан, оларда қандай да бір өнерге деген табиғи дарындылық, бейімділік болатыны заңды құбылыс. Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашқанымыз деп білемін.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс түрлерін жүргізгені жөн. Әр оқушының үлгермеуі себебін анықтап, мүгедек баланың аңғарымына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік дарындылығы айқындалады деп ойлаймын.

Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық – педагогикалық, педагогикалық-психологиялық орталықтарды көптеп ашылса балаларды зор қуанышқа бөленеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзу арқылы қолдау туралы» заң. 2002ж, 11 шілде.

2.Проект Концепции развития инклюзивного образования в Республике Казахстан на 2005-2010г.

3.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010 ж.

ЕРЕШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Маханбетова Халида Әзімханқызы
Жамбыл атындағы орта мектептің
орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Аманова Гүлхан Сабырханқызы
тренер, «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы
«Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ», Тараз қ.**

Еліміздегі болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер әр адамның өміріне қиындықтар туғызып отырады. Жеке тұлға ретінде қалыптасуында әлеуметтік-мәдениеттілігіне әсер етіп, адамның психологиялық жағдайында ауытқушылықтардың пайда болуына әкеп соғады. Бүгінгі күні адамдардың денсаулығы мен олардың қауіпсіздігі тек мемлекет тарапынан ғана емес, білім саласында да бірінші орынға қойылып отыр. Әлеуметтік тәжірибеде білім жүйесіне жаңадан реформалар мен жаңартулар енгізу туралы, кәсіптік кадрларды дайындау және жаңа стандарт түрлерін қарастыру туралы үнемі дискуссиялар жүріп жатады. Әрине, педагогикалық іс-әрекетте жеке тұлғаны оқыту үшін жаңа және дамытушылық технологиялар қажет.

Ерекше білім беруде қажеттілігі бар оқушылардың ерекшеліктерінің ескерілуі жан-жақты бағалау өлшемдерін енгізуді талап етеді. Аталған бағалау өлшемдері бағдарламаны игеру процесінде білім алушының аздаған жетістіктерін және алға ілгерілеушілігін ескеруге мүмкіндік береді, түзете- дамыту жұмыстарының нәтижесін бағалауға және алдағы жеке дамыту жұмыстарының жоспары мен білім, білік, дағдыды икемді қалыптастыруға ықпал етеді. Біріншіден, ерекше білім беруде қажеттіліктері бар

оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі, арнайы қажетті жағдайлар жасалғанда ғана объективті болады. Атап айтқанда:

- білім, білік, дағдыларды тексеру жұмыстарын (шағын топтарда, жеке дара), ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қолайлы ұйымдастырған жағдайда;

- сыныптағы оқу-тәрбие жұмыстарына қолайлы жағдай туғызу (өз мұғалімінің немесе қажет болған жағдайда бөлінген әлеуметтік қызметкердің қатысуы, үйреншікті құралдар мен тірек аппараттары: сызбалар, аудио жазбалар, қажетті көрнекіліктер, тапсырманы орындаудың жалпы алгоритмі);

- бастапқы кезеңде жалпы ұйымдастыру жұмыстарының этаптарының сақталуын және қалыптасуын қадағалап отыру.

Екіншіден, ерекше қажеттілігі бар баланы инклюзивті білім беру жағдайында оқытудағы критериалды бағалау жүйесінің тағы бір ерекшелігі, мұғалім оқу процесінде қолданылып отырған әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтап, алдағы уақытта жетілдіру үшін білім алушының оқу жетістіктерін зерделеп отырады. Нәтижесінде ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін жалпы білім беру стандартына сәйкес, тиісті критерийлермен бағалау мүмкіндігі артады. Бұл түпкілікті нәтижеге жетуге бағытталған жұмыс болып табылады. Оқу бағдарламасындағы түзете-дамыту компонентінен ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушымен түзете-дамыту жұмыстары жүргізілген жағдайда, пән мұғалімі жеке дамыту бағдарламасының нәтижелерін өз жұмысының барысында ескеруі тиіс. Бұл жағдайда, критериалды бағалау жүйесінің икемділігі мұғалімге қалыптастырушы бағалау критерийлерін жекелеген тақырыптарды өту барысында өзгертіп отыруына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта оқушыға қойылатын нақты талаптарды күрделендіріп отыруға болады. Сондықтан ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылар мен білім алуда жеке қиындықтар туындаған оқушылар үшін оқу жетістіктерін бағалау тапсырмаларын бейімдеу келесі мәселелерді қамтуы қажет:

- тұжырымдар мен анықтамалардың мазмұнын және грамматикасын жеңілдету;

- көпбірлікті нұсқаулықтарды шағын бірлікті қадамдарға бөлу арқылы тапсырманың орындалуын жеңілдету;

- тапсырмаға берілген жазбаша нұсқаулықтардан бөлек, қажеттілігіне қарай, мұғалім тапсырманы қосымша дауыстап, мағынасын келтіре отырып, баяу оқып беру;

- тапсырманың мәтінін ерекше білім беруде қажеттілігі бар оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу (үлкейтілген шрифт, тапсырмаларды бөліп беру және т.б.);

- қажеттілігіне қарай жеке дара көмек көрсету: ынталандыру (мақұлдау, эмоциялық қолдау), ұйымдастырушылық (назарын қарата білу, зейінін жұмысқа аудару, өзін-өзі бағалау қажеттігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырмаға берілген нұсқаулықты түсіндіру);

- тапсырманы орындауға берілген уақытты ұзарту;

- сабақ барысында баланың шаршауы, жалығуы байқалған жағдайда, қысқа мерзімді (10-15 мин) сергіту сәттерін ұйымдастыру;

- педагог тарапынан теріс көзқарастың болуына жол берілмейді, білім алушының эмоциялық күйзеліске түсуінің алдын алу қажет.

Зерде бұзылыстары бар (ақыл-ой кемістігі бар) оқушылар, танымдық қызметіндегі айтарлықтай шектеулері болуы салдарынан, МЖМБС талаптарын орындауға бағдарланбаған арнайы оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес білім алады. Танымдық қызметінің және тұтас жеке тұлғасының анық жетілмеуі себебімен зерде бұзылыстары бар оқушылар оқу процесінде айтарлықтай қиыншылық көреді. Әлеуметтік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған оқу мен тәрбие әсерінен балалардың білім сапасы дамиды, белгілі білім, білік, дағдыларды алады. Бірақ оқудағы осындай ілгері басқан қадамдар түрлі оқушыларда бірдей бола бермейді. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту

мүмкіндіктерінің түрлілігі даму бұзылысындағы тереңдігіне және таралуына байланысты болады. Дегенмен, критериалды бағалау жүйесін қолдану, ақыл-ойының дамуында кемістіктері бар балалардың да даму динамикасындағы оң өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын басты талаптардың бірі, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы оқу мақсаттарының орындалуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бағалау критерийлерін, жалпы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қабылданған принциптеріне сүйене отырып әзірлеу қажет және ол білу деңгейінен бастап, нәтижені бағалау деңгейіне дейінгі аралықты қамтиды. Оқушы:

- өтілген оқу материалын білетінін және түсінетінін көрсете алады;
- алған білімін стандартты және өзгеше жағдайларда қолдануға қабілетті;
- тиісті тәсілдерді қолдана отырып, қандай да бір тапсырмаларды зерделей алады, заңдылықтарын таба алады, олардың арасындағы байланысты анықтай алады;
- шартты белгілер мен тиісті сәйкес терминологияларды қолдана отырып, ақпаратты түсінікті жеткізуге қабілетті;
- оқу міндеттерін шешу мақсатында таңдалған тәсілдердің дұрыстығы мен тиімділігін зерделеп, ойын айта алады.

ПМПК-да кеңес беру қалай болғанда да психологиялық бағытталған сипат алады, өйткені оны дәрігер, психолог немесе педагог болсын - кім жүргізсе де, ол баламен, ата-анасымен және басқа да отбасы мүшелерімен жұмыс істейді. Әрбір маманға баланың отбасымен қатынасқа шығуға, ата-анасының сұраныстарын, пікірлерін, тілектерін тыңдауға және ескеруге, кейбір мәселелер бойынша келісу-келіспеуін білуге тура келеді. Кеңес беру (адамдардың тікелей қарым- қатынасы) барысында алуан түрлі сезімдер, эмоциялар, соның ішінде наразылық та, жақсы көру, жек көру де, ашу да өзектілене түсетіні сөзсіз, оларды түйсінуге, қадағалау әрқашан мүмкін бола бермейді, бұл кеңес берудің табысты өтуіне кедергі жасауы да ықтимал. Ал кеңес беруші, егер өзінің мақсаттарына жеткісі келетін болса, өзінің кеңес беруді қалай және қаншалықты тиімді өткізіп отырғанын аңғаруы тиіс. Ерте жасалған диагностика мен дер кезіндегі түзету жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру нәтижелі болары сөзсіз.

Ерекше оқытуды қажет ететін (әрі қарай ЕОҚЕ) балаларға сабақ беретін мұғалім бүгінгі заман талабына сай білікті, терең білімді, ашық жарқын мінезді, қажыр- қайратты, жаңашыл еңбекқор мұғалім болғаны дұрыс. Қарым-қатынас кезінде әр баланың жандүниесін сезініп кемшіліктерін түзетіп, жетістіктерін дамытатындай болуы қажет. Дегенмен оқыту оңай емес, бірақ жанында ізгілік пен жанашырлық, өз ісіне деген сүйіспеншілікті бойына сіңіре білген ұстазға ерекше балалармен жұмыс жасау игі іс екені белгілі.

Арнайы мекемелерде диагностикалық зерттеуді тереңдету мақсатында әлеуметтік-педагогикалық қолдау міндеттерін жүзеге асыру үшін негізгі мамандар дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандарының ролі басым. Яғни, мүмкіндігі шектелген баланы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Мамандардың міндеті де балалардың кемшілігін жою және азайту. Бұл балалардың тәрбиесі мен денсаулығы өзінің қиындығымен ерекшеленіп, ол көп еңбекпен қамқорлықты қажет етеді. Балалардың жүйке жүйесіне түскен салмақ сөйлеу тілінің бұзылуына, не қабілетіне, сергектігіне, алғырлығына әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан кемшіліктің бәрін түзету әр баланың ерекшелігіне қарай шебер әдіс-тәсілмен қарым-қатынас жасау арқылы тәрбиелеу, үйрету үлкен жұмыс. Арнайы мамандардың жүргізілген түзетедамыту жұмысы бойынша баланың жеке психофизикалық дамуының ерекшелігін ескере отырып кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып

тәрбиелеу және оқыту жұмыстарында түрлі әдіс тәсілдердің тиімді жолдарын қолданып ұйымдастыру нәтижелі болмақ.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың қатарына, атап айтсақ, оның бірі психикалық дамуы тежелген оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың ерекшелігі шаршағыштығымен, жұмысқа қабілеттерінің төмендігімен, қоршаған орта туралы дамуында бұзылыстарының айқын көрінуімен байқалады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиісті мамандарымен жүзеге асырылады. Мұндайда әр маман өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Жалпы инклюзивті білім беру – ерекше білімге қажеттілігі бар балаларды оқытып үйретудің бір формасы. [1] Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізуде түзету және тәрбиелік міндеттерді шешу мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оның қиындықты туғызу және әр оқушының тұлғалық ерекшелігін себебін түсінуіне, әр баланың тілін табуына байланысты. Баланың мүмкіндігінен асатын жетістіктерді талап етуге болмайтынын ескеру қажет. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту сәттілігі өзара алмасу бағытымен жүзеге асырылатын үлкендердің іс-әрекетіне байланысты.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді. Нәтижесінде барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ деп, инклюзивті білім беруде ата-аналар мен педагогтардың көзқарасын туралы мағлұмат алу үшін, жалпы орта білім беретін мектептерде дөңгелек үстелдерді өткізіп, ИББ ісін жүзеге асыру үшін, жұмыстанудың жоспарын құраймын.

Олардан терең мағлұмат алу үшін, ассоциация стратегиясын ұйымдастырғанынан кейін, жағдаяттардың шешу жолын табу, тақырып бойынша оларға толық ақпарат берумен аяқталды.



Сөзімді қорытындылай келе, ерекше білім беруді қажет ететін балалар біздің қоғамда бар, бұл өкінішке орай бар жағдай және әрбір ата-ана өз баласын дамуы

қалыпты балалар қатарынан көргісі келеді. Сондықтан, ерекше білім беруді және ата- ана арманын жүзеге асырушы мұғалімдердің біліктілігі мен білімі өте жоғары деңгейде болуы керек. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға білім беру. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуда аянбай еңбек етуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидалары. 26
2. Айдарбекова А.А. Ермекбаева Л.Х. Дербисалова Г.С. Самигулина З.Р. Формирование позитивного психологического климата в инклюзивном классе общеобразовательной школы. Методические рекомендации. Алматы, 2014 г., 25 с.
3. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992ж [1] 2. Қ.Жұмасова Психология Астана - 2006ж[2]
4. Республикалық ғылыми – әдістемелік , педагогикалық – психологиялық журнал №3/2014ж[3]
5. Сатыбаев С. Халық әдебиетінің тарихы негіздері – Алматы. 1992.ж
6. Елисеева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации, Алматы, 2015 г., 56 с.

МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мирзалиева Эльмира Бексултановна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ,
Инновациялық білім беру және ақпараттық технологиялар кафедрасының
меңгерішісі, PhD докторы
Тажимаева Мейржан Несипхановна
№ 10 Шу колледжінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы
Куйкасова Мадина Болатовна
физика пәнінің мұғалімі
№43 Б. Момышұлі атындағы орта мектеп
Кордай ауданы

Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білімалуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады.

Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға

ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар; мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балалары; қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады.

Ерекше білім беруді қажет етеін балалардың жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- Ерекше білім беруді қажет етеін балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беу жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзивті білім берудің 2 жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне жақындастырады. Жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бірлесіп(интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру боп табылады. Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық-психологиялық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 заңы бойынша ТДО сыныптары үйден оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, көмекші бағдарлама, арнайы (ПДТ) бағдарлама бойынша куәлік беру ережелерін және мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау, қамқорлау, диагнозын анықтау, емдеу, оналту, тәрбиелеу, оқыту, қатарға қосу мәселелері бойынша жаңадан шыққан заң, қаулы, ереже тәртіптерінде қаралған. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет етеін балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту- даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы қалыпты балалар сыныбында –тобында оқиды және дефектолог мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің жарты бөлігі арнайы топтарда, ал екінші бөлігі) қарапайым топтарда өткізіледі. Уақытша арнайы топтардағы бала бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді, өткізу үшін біріктіріледі.Толық дамуында ауытқулары бар балалар балабақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді. Кемтар балалардың ата-аналары көмекші не арнайы мектептерге, арнайы интернаттарға немесе балабақшаға баласын бергісі келмесе жалпы балалалр оқитын мектептерге ПМПК-ның ұсыныс бойынша жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқытуға толық құқылы. Жалпы білім беретін мектептер, балалабақашалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген баланың деңгейіне қарай жеңіл бағдарламамен білім беруге тәрбиешілермен мұғалімдер инклюзивті білім беруге дайын болғаны жөн. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдйын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне

қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі міндеттері:

- инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері мен тетіктерін жетілдіру;

- инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негіздерін жетілдіру (оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу және модификациялау, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйесін ендіру);

- «кедергісіз қолжетімді орта» құру және білім алушыларды компенсаторлық құралдарымен қамтамасыз ету;

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарды кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту;

- ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың техникалық және кәсіптік, жоғары білім деңгейлерінде білім алуын жалғастыруына және болашақта кәсіпті игеруіне жағдай туғызу;

- инклюзивті білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Инклюзивті білім беруді дамыту қағидаттарының негіздері:

- инклюзивті білім берудің жүйелілігі мен үздіксіздігі;

- ерекше оқытуды қажет ететін балаларды уақытылы (ерте жастан) анықтауды қамтамасыз ету және алдын алу, педагогикалық-түзету шараларын деркезінде қолдану;

- білім беру модельдерінің бейімділігі және әр оқушының ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оны жеке оқыту мен дамыту;

- еріктілік және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жеке бейімділіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымдарын таңдау құқығы;

- білім беру ортасының ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғалар және олардың ата-аналары үшін қолжетімділігі, ашықтығы;

- кешенді медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің үйлесімділігі мен түрлі ведомстволар, әлеуметтік институттар, қоғамдық және ата-аналар ұйымдарының өзара іс-қимылы арқылы кешенді ықпал және әлеуметтік серіктестік, тәртіпаралық өзара әрекет;

- мүгедектік немесе басқа да даму ерекшеліктері «проблема тасымалдаушы» болып қарастырылмайтын адамның шектеулі мүмкіндіктеріне әлеуметтік ықпал;

- денсаулығы мен әлеуетті мүмкіндігіне сүйене отырып, тұлғалардың даму проблемаларынан арылуды қарастыратын инклюзивті білім берудің түзету-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыттылығы болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың жүйелі ұйымдасқан, біртұтас әрекеттерінің барысында әрбір баланың білім беру-тәрбие үдерісінде өз мүмкіндігі мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау балаға көмек (немесе қолдау) көрсетудің ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің екі бағытын көрсетуге болады: өзекті – балада осыған дейін пайда

болған қиындықтарды шешуге бағытталған; перспективалы – оқуда болуы

мүмкін ауытқуларды ескеру және алдын алуға бағытталған. Екі бағыт та педагогикалық үдеріске қолдау қызметінің барлық мамандарының бірлескен күш-жігерінің арқасында іске асырылуы мүмкін.

Олардың қызметінде өзара байланысты және оларды ескеру қажет міндетті үшкомпонент бар:

- бала дамуының диагностикасы (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);
- түзету-дамыту бағыттылығының жеке және топтық сабақтарының бағдарламаларын іске асыру;
- білім беру ортасын баланы оқыту мен дамыту және бағалау жүйесі арқылы оның даму деңгейін бағалауға қоятын талаптары көзқарасы тұрғысынанталдау.

Оқушылардың бұл санатын психологиялық-педагогикалық қолдаудың нысаны оқу жетістіктерін критериалды бағалау үдерісі болып табылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау түрлі мамандардың (пән мұғалімінің, психологтың, логопедтің, арнайы педагогтың, әлеуметтік педагогтың), дәрігердің, басқа мұғалімдер мената-аналардың өзара тығыз әрекетін білдіреді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды психологиялық-педагогикалық қолдау төмендегілерге бағытталуы тиіс:

- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке тандалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;

- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;

- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жеке бағытталған жүйе бола тұра, осы санаттағы оқушыларды дамытуға және олардың құқтарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары:

• арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық негізі мен механизмдерін жетілдіру;

• инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық, оқу-әдістемелік негізін жетілдіру;

• білім алушыларды жекелеген түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдауды іске асыру, білім алушыларға мектептік қауымдастықтың маңызды және белсенді қатысушысы болуына мүмкіндік беретін жайлы білім беру ортасын құру, өзі-өзі бағалауға, оқуға және әлеуметтенуге уәждемені арттыру;

• қолжетімді «кедергісіз орта» құру және білім алушыларды теңгерушілік құралдармен қамтамасыз ету, инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарын кадрлық қамтамасыз етуді жақсарту;

• ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың келешекте мамандықты меңгеруде техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру деңгейіндегі оқуынжалғастыру үшін жағдай жасау;

• ерте диагностикалау және балаларды ерте жастан түзету-педагогикалық қолдаудың тәсілдері мен әдістерін әзірлеу;

- инклюзивті және арнайы білім беру саласында қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу;
- арнайы қажеттілігі бар мектепке дейінгі жастағы балалардың инклюзивті білім беруге тең қол жетімділігін қамтамасыз ету механизмін әзірлеу;
- арнайы педагогика бойынша білікті кадрлар даярлау;
- оқыту сапасына мониторинг жүргізу, кіріктірілген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- инклюзивті білім беруде кәсіптендіруге бағыттаумен білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастыққа қол жеткізу.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады.

Осыған байланысты, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жүйесі қолданылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды бағалау кезінде ҚР МЖМБС-2015 көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға негізделеді. Алайда, кейбір білім алушыларда бағдарламаны меңгеру мерзімі ұзағырақ, оның нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді.

Білім алушылар жетістіктерін бағалауда ең маңызды құрал, бағалау жүйесі білім беру процесін жетілдіруді жалғастыру үшін объективті және тиімді болуы қажет.

Білім берудің қазіргі жүйесінде білім алушылардың білім жетістіктерінің сапасын бағалаудың критериалды-бағдарлы көзқарасы негізіндегі қадағалау және бағалау өзекті болып табылады.

Бұл әдістемелік құралда бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұнын МЖМБС талаптарын жүзеге асырудың ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін педагогикалық бағалаудың міндеттері мен функциялары, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жүйесіне қойылатын талаптар, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критерийлері мен тәртібі қарастырылған.

«Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруде қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалдық бағалау жүйесі» атты әдістемелік құрал жалпы білім беретін және арнайы мектептердің мұғалімдеріне оқушылардың жеке жетістіктерін оқу процесінде бағалауда практикалық нұсқау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж
2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Дефектологиялық сөздік .

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Мирзалиева Эльмира Бексултановна
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысты бойынша ПҚ БАИ,
Инновациялық білім беру және ақпараттағы технологиялар кафедрасының
меңгерішісі, PhD докторы
Серибаева Жанна Темирхановна
Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жыл санап мүмкіншілігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп келеді. Бұрынғыдай оларды бақытсыз адам ретінде қарамай, қоғамның белсенді мүшесі және өз тағдырына батыл сеніммен қарайтын адам ретінде қабылдауда осы орайда біздің міндетіміз- қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жанайқайын, яғни денсаулық жағдайын, бала ағзасының дамуындағы бөгеттерді анықтап, мүмкіндігі шектеулі балалармен олардың отбасындағы қарым-қатынасын дамытып, дені сау балалармен аралас-құралас өсуіне жағдай туғызу, қоғам мен жеке адамдардың түсінігіне мүмкінділігі шектеулі балаларға әркез жәрдем беруге әзәрлэгән қамтамасыз етуге үйрету. Мүмкіншілігі шектеулі балалардың өмірге келуі шын мәнінде отбасына психикалық өзгерістерге алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі баланың тәрбиесі – жалпы педагогикалық принциптерімен анықталған, яғни оларды қоғамдық пайдалы өмірге бейімдеу, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, бұлардың бәрі баланың кенжелігіне сәйкес деңгейде, соған тән әдістемелермен жеткізілуі тиіс. Тәрбиенің бұл түрі тек қана педагогтармен ғана емес, арнайы мамандардың көмегімен жүзеге асқаны орынды. Және бұл қарым-қатынас қалыпты жағдайда өзара түсіністік, бір-біріне көмек беру жағдайында өткені дұрыс. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу қажет. Мұндай балалардың тәрбиесі өзара жақсы, түсіністікті қажет етеді және олардың оптимистік рухта, өз-өзіне сенімді тәрбиелеудің мәні зор.

Инклюзивті оқыту- барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үдерісінің дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім процесі.

Түзету және инклюзивті білім беру бағдарламасының мақсаты да – әртүрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психикалық процестерін дамытуда, білім алуда кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып табылады. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларді әлеуметтік ортаға енгізудің екі жолы бар. Бірінші жолы, мүмкіндігі шектеулі баланы қоршаған ортаға бейімдеу. Бұл жолдың кемшілігі - біржақтылығы. Бұл жолмен керекті нәтижеге жету мүмкін емес, әлеуметтену процесі екі жақтылы болуы керек. Бұл дайындық процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісі болу керек.

Екінші жолы ерекше білім беруді қажет ететін баланы әлеуметтік ортаға енгізу дайындығымен бірге, әлеуметтік органы ерекше білім беруді қажет ететін баланы қабылдауға дайындау. Негізгі факторы да осы.

Мемлекет даму ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын қорғау жөніндегі заң құжаттарында айтылғандай, мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар және бала жасынан мүгедектер медициналық, әлеуметтік көмек алуға, оңалтылуға (реабилитация), дәрі дәрмектермен протездермен, протезд ортопедиялық бұйымдармен жеңілдік жағдайларда қозғалыс құралдарымен қамтамасыз етілуге, сондай ақ кәсіби даярлану мен қайта даярлануға құқықтары бар.

Инклюзивті білім беруді дамытуды әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды көздейді:

- жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды

кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оқу-әдістемелік әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту

пәнінің нәтижелері бойынша дағдылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бейімдеу;

- инклюзивті білім беру жағдайында оқушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу,

- үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына жоғары және кәсіптік, техникалық білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу.

Инклюзивті білім беруді әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз

етуде жоғарыда көрсетілген мәселелердің ішіндегі инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады. Әрине, оқушылардың дайындық деңгейі туралы ақпараттар алу мүмкіншілігі оқыту мүмкіндігі және жеке оқу қорытындылары болу мүмкіндігін ұсыну бойынша сынып оқушылары құрамының біртектілігін ескеретін критерилерді қолданумен іске асырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білімділік жетістіктерін анықтауда бағалау жүйесі олардың оқудағы жетістіктерін ғана объективті

көрсетіп қоймай, оларды білім беру процесінде қолдау бойынша келесі әрекеттердің жоспарын құру үшін негіз болуы тиіс. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеудің қажеттілігін негіздейді. Әдістемелік құралдың мақсаты – оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыруда ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс атқаратын педагогтарға көмектесу.

Мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім беру жүйесінде қағидаттық өзгерістерді айқындай отырып, инклюзивті білім берудің

мынадай стратегиялық бағыттарын көрсетуге болады:

- инклюзивті білім беруді дамытуға арналған жағымды жағдайларды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру;

- ерекше оқытуды қажет ететін адамдарға сапалы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз етудің ғылыми-педагогикалық, кадрлық және оқу-әдістемелік әлеуетін нығайтудың негіздерін әзірлеу;

- мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте бастан диагностика жасау және түзету-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту;

- мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби-еңбекке даярлауға, әлеуметтендіруге қажетті жағдай туғызу;

- инклюзивті білім беруді дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

Инклюзивті білім беруді дамытудың мақсаты – барлық категориядағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқығын жүзеге асыру.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау, ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына жағдай жасалып жатыр.

Педагог-Логопеды маман баланың сөйлеу кемшіліктерінің құрылымы мен деңгейін, оларды түзетудің әдістерін анықтайды, дамудағы сөйлеу кемшілігін, сөйлеу қызметінің бұзылуын түзету үшін топтық және жеке жұмыстар өткізеді. Баланың тіл бұзылыстарын түзету мақсатында логопед логопедиялық тренажер, зондпен жұмыс, тыныс, тіл, артикуляциялық жаттығулар арқылы қызықты қылып өткізуде.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, баланың ұсақ моторикасының дамуы оның жалпы тілінің дамуы мен ойлау қабілетінің дамуымен тығыз байланысты. Саусақтардың және қол білектерінің қозғалысы ерекше дамытушылық мағынаға ие. Баланың саусақтарымен түрлі жұмыстарды орындауы индуктивті бас миындағы сөйлеу орталықтарының қозуына және сөйлеу аймақтарының келісілген әрекетінің күрт күшеюіне алып келеді екен.

Изучение, обобщение полученных материалов мониторинговых исследований в рамках проекта «Доступная школа в доступной среде» по образовательной ситуации детей с особыми образовательными потребностями (ООП) позволило сделать предварительный вывод, что в области созданы не все условия для эффективного обучения и социализации детей с ООП в общество. (проект реализуется молодежным центром «Гуонлён», в рамках программы «Партнерство для инноваций – Р41», при поддержке ОЮЛ «Ассоциация по Развитию Гражданского Общества РК» (АРГО), и финансовой поддержке Агентства по международному развитию (USAID)).

Вывод показывает, что имеются отклонения, которые негативно сказываются на создании эффективного безбарьерного доступа к обучению:

- слабая готовность педагогов к реализации инклюзивного обучения, которая является приоритетной в системе образования. Из 10 направлений индивидуальных потребностей, которые определены Национальным центром коррекционной педагогики, учителями используются в основном облегченные и дополнительные задания (76 %). 39% педагогов не имеют возможности получать помощь и поддержку в организации и проведении инклюзивной образовательной практики. Основными источниками получения информации и методической помощи по работе с детьми с ООП являются интернет-ресурсы (46%). Курсы повышения квалификации и семинары проходили только 29%

опрошенных. Из тех, которые прошли, считают, что этого недостаточно, необходимы специальные знания (48%). Актуальный уровень специальных знаний, необходимых для работы с детьми с ООП подавляющее большинство педагогов (46%) оценивают, как «...имеются только минимальные знания. Их не хватает...». 21% отмечают, что такими знаниями не владеют. Все это свидетельствует о том, что учителя недостаточно компетентны в вопросах удовлетворения особых образовательных потребностей учащихся и ведения инклюзивной образовательной практики.

Особенно это касается работы с детьми группы ВиС (по рекомендациям стран ОЭСР);

- недостаточность созданных условий для обучения детей с ООП в массовой школе. Созданные условия – это в основном пандусы, сенсорные дорожки, и т.д. а дифференцированный, индивидуальный подход используется на уроке не в полной мере;

- количественный показатель детей с ООП по данным исследования превышает количество, которые дают педагоги в организациях образования на 19%;

- слабая роль родителей в продвижении идей инклюзивного образования.

Родители не представляют себя как основные «заказчики» образовательных услуг, не продвигают мнения по улучшению образовательных мероприятий.

Диагностика детей и беседы с педагогическим коллективом для организации безбарьерной среды обучения в СШ № 18 г. Тараза выявила более 35 детей с различными отклонениями в развитии, которые обучаются в режиме неуправляемой «стихийной» инклюзии. Т.е. у большинства из них, мы предполагаем, имеется нераспознанный диагноз ЗПР (задержка развития), но главное – у них не определен статус особой образовательной потребности, и они не имеют условий для удовлетворения их особенностей. Большинство этих детей обучается в начальном звене, более 15 - в среднем. Из-за того, что эти дети не имеют условий для удовлетворения их особенностей, у них наблюдается низкая успеваемость, слабый прогресс в развитии, совершенно нераскрыт потенциал. У некоторых из этих детей развилось девиантное поведение. Вполне возможно, что эта же ситуация имеет место и в других школах области. В силу сложившихся социальных стереотипов эти дети в школе не воспринимаются как дети, имеющие ООП.

Вместе с тем, данные исследований показывают, что при наличии эффективной помощи, поддержки и адекватного обучения такие дети с задержкой развития к 12-ти годам могут полностью достичь уровня развития в соответствии со своим возрастом.

По г. Тараз 320 детей обучается в классах КРО массовой школы, 318 учеников на данный момент проходят реабилитацию и обучаются в 2х реабилитационных центрах, 282 проходят коррекцию в коррекционном пункте, 8 детей получают тьюторскую поддержку-сопровождение (СШ № 32 г. Тараз). Детям, имеющим образовательные потребности в связи с социальными, экономическими и другими причинами, находящимися в массовых школах поддержка оказывается минимальная (дополнительные занятия, именуемая как «Работа со слабоуспевающими детьми» и материальная помощь).

Анализ нормативно-правовой базы, проведенный в рамках вышеуказанного проекта молодежным центром «Гуонлён» показывает, что законодательство РК также недостаточно отражает обеспечение эффективного инклюзивного образования (В Законе РК «Об образовании» понятие «лица (дети) с ООП» трактуются узко, упор сделан только на детей с ограниченными возможностями здоровья). Из поля зрения выпали другие дети с особыми образовательными потребностями (группа ВиС по рекомендациям стран ОЭСР). Таким образом, их права на получение качественного образования соблюдены не в полной мере.

Учитывая все эти сложности, в области ведется определенная деятельность по улучшению состояния обучения детей с ООП и повышения национального воспитания.

- на базе СШ № 25 г. Тараз работает коррекционный пункт, в котором проходят коррекцию 282 ребенка с ограниченными возможностями здоровья. В коррекционном пункте есть кабинет Монтессори, релаксационный кабинет, кабинет активной физической

культуры и др кабинеты. Коррекционный пункт открыт при содействии общественного фонда «Дара».

- на базе СШ № 18 г.Тараз с ноября месяца прошлого года молодежным центром «Гуонлён» в рамках проекта «Доступная школа в доступной среде» было организовано деятельность кабинета инклюзии, в котором организовано педагогическое сопровождение 25 школьников с особыми образовательными потребностями вышеуказанной школы. Сопровождение оказывали педагог-логопед и 3 сопровождающих учебного процесса. В кабинете имеется все необходимое для проведения индивидуальных и групповых занятий для детей с ООП - мебель, мягкие развивающие блоки, пескотерапия, и другие принадлежности и инструментарий. Занятия проходят как индивидуально, так и в группе 2 раза в неделю.

Инклюзия – это возможность получения качественного образования посредством индивидуального подхода к каждому обучающемуся, независимо от его возможностей и развития[4]. Именно индивидуальный подход должен обеспечить эффективность национального воспитания – обеспечение формирования у детей национального достоинства, национальной гордости и национальной совести.

И проводимая в области работа направлена на обеспечение качественного образования для каждого обучающегося.

Литература:

1. Елисеева И.Г., Ерсаринова А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ КП, 2019.
2. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 гг.
3. Открытое досье по инклюзивному образованию. – ЮНЕСКО, 2003
4. Государственная Программа развития образования и науки РК на 2020-2025 годы.
5. Интернет-ресурсы // http://gor-school2.ucoz.ru/publ/fgos_problemy_puti_resheniya

МҮГЕДЕКТІГІ БАР СТУДЕНТТЕРДІК АШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Хамитова Дана Сункарбековна
Павлодар педагогикалық
университеті КЕАҚ аға оқытушысы,
Павлодар облысы, Павлодар қаласы**

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында, әлемнің бүкілелдеріндей, COVID-19 таралуының салдарымен бетпе-бет келмеген қандай да бір сала жоқ. Коронавирустық пандемияның жоғары білім беру жүйесіне әсері әрел деэртүрлі, әлемнің түрлі аймақтарында өзінді керекшелігі бар. Алайда, бұл өзгерістердің жалпы векторын байқауға болады: пандемия университеттерді қиын жағдайға душаретті, оларды қысқа мерзімде болып жатқан оқиғаларға бейімделуге, ақпараттандыру жағдайына жедел көшу үшін айналарлықтай қаражат жұмсауға және ықтимал салдарларды ескерместен шешім қабылдауға мәжбүретті.

Сондай ақ, біздің еліміздің университеттері қысқа мерзімде қашықтықтан оқытуды қандай нысандарда жүргізу, ол үшін қандай техникалық құралдарды пайдалану, студенттердің оқу жетістіктерін қалай бағалау және бітіру емтихандарын қалай өткізу сияқты көптеген өткір мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу бір-бірімен байланысты бірқатар мәселелерді тудырды:

- кейбір жоға оқу орындары түрлі себептер бойынша, соның ішінде

университеттердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің болмауы, интернет-желілермен кең қамтылудың болмауы, кейбір өңірлердегі халықтың тұрмыс деңгейінің төмендігі және т. б. мәселелер бойынша онлайн-оқытуға ауыса алмады.

- университеттерде қашықтықтан дәрістер немесе семинарлар өткізетін онлайн қосымшалармен проблемалар туындайды.

- университеттің сайттары деректер базасы мен университеттің ақпараттық жүйелеріне жүктеменің өсуіне байланысты тұрақсыз жұмыс істейді.

- онлайн-оқытуға көшу үшін профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігі жеткіліксіз: қашықтықтан оқытуға арналған қолда бар платформалар мен сервистер, олардың функционалы, онлайн-форматта оқытудың тиімді әдістері және т. б. туралы білім жоқ.

Пандемия жоғары оқу орындарының студенттерімен жұмыс істеуге теріс әсер етті, бірақ, ең алдымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер мен мүгедектігі бар студенттер зардап шегіп келеді [1].

Алайда, елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың білім беру қызметтерін алу құқықтарын реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар бар екенін атап өткен жөн. Оларды халықаралық және мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар құрайды: Қазақстан Республикасының Конституциясы [2], Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы [3], Қазақстан Республикасының "мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңы [4], Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285 – V "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңы [5].

Мысалы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285 – V "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының бірнеше тармақтары бар, оларда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алу проблемалары қозғалады. Осы баптың үзінділерінде мыналар туралы айтылады: - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бапта мемлекеттік жастар саясатының мақсаты: " ... мемлекеттік жастар саясатының –жастардың толыққанды рухани, мәдени, білім, кәсіби және физикалық дамуына жағдай жасау, шешім қабылдау процесіне қатысу, сәтті әлеуметтену және оның әлеуетін елдің одан әрі дамуына бағыттау".

4-бапта мемлекеттік жастар саясатының келесі негізгі бағыттары көрсетіледі:

-қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

- денсаулықты сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту үшін жағдай жасау.

Бүгінде қазақстандық білім беру жаңғырту сатысында тұр. Оның басты мақсаты білім беру саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтарына, бостандықтары мен мүдделеріне сенімді кепілдік беру және білім беру жүйесін жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды аспектілерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім алу құқығын іске асыру үшін оңтайлы жағдай жасау болып табылады. Әрбір оқу орны біздің мемлекетіміздің саясатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде өз өкілеттіктеріне қарай білім беру процесінің табысты болуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды. Бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім алуға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуді көздейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің және мүгедектігі бар студенттердің жоғары білім алуына қатысты мәселелер заңнамалық деңгейде бекітілгеніне қарамастан, көптеген шешілмеген проблемалар бар.

Бұл олқылықтар мемлекет алдында өткір тұрды, алайда жоғары оқу орындарының көпшілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қысқа мерзімде лайықты деңгейде қашықтықтан оқытуды жолға қою үшін ресурстар мен тәжірибенің жетіспеуі жағдайында болды. Университеттердің сайттары мен порталдарын, институционалдық, материалдық-техникалық мүмкіндіктерін жетілдіре алатын тәжірибелі бағдарламашылар мен веб-дизайнерлер жоқ, мүгедектігі бар студенттердің қабылдауына қол жетімді электронды оқу-әдістемелік әдебиеттердің сапалы білім беру ресурстары жоқ, сондай-ақ көптеген оқытушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге және мүгедектігі бар студенттерге онлайн-оқытудың ерекшеліктері туралы түсінік жоқ, мүгедектігі бар студенттерді қашықтықтан оқытудың арнайы әдістерімен таныс емес [6].

Осылайша, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерді және мүгедектігі бар студенттерді қашықтықтан оқытудың тиімділігін арттыру үшін ЖОО басшылығы тарапынан оқытушыларға жәрдем көрсету, біліктілікті арттыру курстарын өткізу ұсынылады, онда әртүрлі нозологиядағы мүгедектігі бар студенттермен жұмыс істеудің әдістері мен технологияларымен танысуға болады. Өйткені, мүгедектігі бар студенттермен жұмыс істеу кезінде қызмет түрлерін, ақпараттың қол жетімділігі мен әртүрлілігін өзгерту қажет екенін ескеру қажет. Олардың ересек жасына қарамастан, олардың психофизикалық даму ерекшеліктеріне байланысты олар тез шаршайды, олардың назары шашыраңқы болады, бұл білім беру процесінің сәттілігіне теріс әсер етеді.

Мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытудағы қашықтықтан оқыту технологиясының басты артықшылығы-сабақтарды өткізу орны мен уақытына қатаң байланыстырудың болмауы, оқу материалының деңгейі мен формасын бейімдеу, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып, қызметтерді дұрыс конфигурациялау арқылы оқытуды дараландыру.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде белгілі бір қиындықтар туындайды: студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігін шектеу; оқу процесінде педагогтің ақпараттық және иллюстрациялық мүмкіндіктерін шектеу; оның қызығушылығы мен оқу уәждемесін қолдау мақсатында педагогтің балаға тікелей эмоциялық әсерін шектеу; оқыту процесін техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері. [7]

Мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары айқын: бұл даралау, икемділік және оқуға бейімделу. Қашықтықтан білім беру дәстүрлі оқыту формаларына қарағанда өзінің артықшылықтарына ие. Ол білім алушының психологиялық мәселелерін шешеді, уақытша және кеңістіктік шектеулерді, оқу орындарынан қашықтық мәселелерін жояды, жеке ерекшеліктері мен ерекше ерекшеліктері бар дене кемістігі бар адамдарға оқуға көмектеседі, студенттер мен оқытушылардың коммуникативтік саласын кеңейтеді. [8]

Қорытындылай келе, Қашықтықтан оқытудың бірқатар ерекше қасиеттері бар деп айта аламыз, бұл оны мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасау кезінде өте тиімді етеді:

- оқытуды даралау.
- студенттерді үйде психологиялық және технологиялық жағынан ыңғайлы оқыту.
- әр студентке оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып жеке бағдарламалар жасау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/covid-19-effekty-dlya-vysshego-obrazovaniya/>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - № 319-III. – Астана, Ақорда, 27.07.2007 [Электрондық ресурс]: URL: <https://online.zakon.kz/document/>.

4. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285 Заңы– V
6. <https://www.zakon.kz/5021046-osobennosti-organizatsii-i.html>
7. Мовкебаева З.А. Организация образовательного процесса в университете для лиц с особыми образовательными потребностями Вестник КазНПУ им. Абая Сер. «Педагогические науки». - №2 (54). – 2017. – С. 69-73.
8. Мовкебаева З.А., Жакупова Д.С. Анализ зарубежного опыта дистанционного обучения студентов с особыми образовательными потребностями в вузе. - Вестник КазНПУ им. Абая . Сер. «Педагогические науки». - №4 (56). – 2017. – С. 64-68

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕНІ ІСКЕ АСЫРАТЫН МАМАНДАР ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Шаймерденов Канат Киянбекович
Көкшетау қаласы білім бөлімінің
«№19 орта мектебі» КММ директоры**

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді Қазақстанның білім беру жүйесі үшін жаңалық ретінде қарастыруға болмайды, себебі бұл процесс әзірше жан-жақты зерттеуді, қоғамның өзгеруіне сай дамыту мен бейімдеуді талап етеді. Инклюзивті ортаны ұйымдастыру үшін арнайы жағдайлар "Білім туралы" Заңда, нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген. Бұл құжаттарда арнайы білім беру бағдарламаларын құру, оқытудың түрлі әдістерін қолдану, әдістемелік құралдарды пайдалану, оқулықтар мен дидактикалық материалдарды әзірлеу қажеттілігі, инклюзивті білім беруді іске асыру үшін арнайы техникалық құралдар мен жабдықтардың болуын атап көрсеткен. Инклюзияның басты міндеттерінің бірі нақты білім беру ұйымының әрбір білім алушысының даму ерекшеліктерін ескеретін білім алуында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау болып табылады. Бірақ инклюзивті білім беруді енгізуде жоғарыда айтылған қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін мамандар тобының кешенді және қызметіне сай жұмысы арқылы жүзеге асыру қиын екенін ұмытпауымыз керек. Психологиялық-педагогикалық жеке бағдарламаларды іске асыратын, кедергісіз орта жағдайларын жасаған білім беру ұйымдарының жұмысында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандардың болуы және әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сай нәтижелі оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін қамтамасыз ету. Инклюзивті оқыту тәжірибесінде психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір баланың мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық жағдай жасауға бағытталған мамандар тобының қызметтерін қамтиды. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары:

1. *Инклюзивті білім беруді үйлестіруші* – инклюзияны ұйымдастыру бойынша педагогикалық ұжымның барлық мүшелерінің жұмысын үйлестіретін маман. Инклюзивті білім беру үйлестірушісі білім беру ұйымында инклюзивтік тәжірибе мен мәдениетті дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыратын қызметкерлердің бірі болып табылады; мамандар арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіреді және инклюзивтік жағдайлар жасау жөніндегі қызмет бағыттарын нақтылайды; инклюзивтік білім беру саласындағы тәжірибелік, теориялық, заңнамалық және ақпараттық жаңалықтар туралы хабарлайды.

2. *Педагог-психолог* – психикалық даму диагностикасын, дамудағы ауытқулардың алдын-алуын және түзетуін жүргізеді, ата-аналармен және мұғалімдермен кеңес беруін ұйымдастырады; оқушылардың мінез-құлқын, олардың қарым-қатынас қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерін, эмоциялық-ауырсыну саласын түзетеді; оқу материалын меңгеру үшін неғұрлым қолайлы жұмыс нысандары мен әдістерін таңдайды; әрбір оқушының психологиялық саламаттылығын сақтауға ықпал етеді; дамудың өзекті деңгейі мен даму аймағын айқындайды. Психологтың жеке сабақтарында танымдық процестерді дамыту бойынша жұмысы атқарылады.

3. *Әлеуметтік педагог* – оқушылардың құқықтарының сақталуын бақылайтын маман, отбасы мен оқушының әлеуметтік қажеттіліктері туралы ақпаратты жинақтайды; қажетті қызметтер көрсететін және білім алушының құқықтарын қорғайтын ұйымдарды іріктейді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлемде білім беру қызметтерін алуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырады.

4. *Мұғалім-логопед* сөйлеуді (ауызша және жазбаша) дамыту және түзету бойынша қызметті жүзеге асырады, сөйлеу қызметінің барлық түрлерін дамыту және түзету бойынша жұмыстың әдістері мен нысандарын анықтайды, оқушылардың сөйлеу бұзылыстарын зерттеуімен айналысады, сөйлеу картасын толтырады, сөйлеуді дамыту бағдарламаларын, жеке түзету-дамыту жоспарларын және қойылған қорытынды негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлейді.

5. *Мұғалім-дефектолог* – ақыл-ой қызметін түзету және дамыту, жоғары психикалық функциялар мен сенсорлық жүйелерді қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс жүргізеді; білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын жақсарту бойынша жұмыстың нысандары мен әдістерін анықтайды; дамуында ауытқулары бар немесе білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар оқушылармен жеке жұмыс істейді, жеке жұмыс жоспарын әзірлейді. Олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог сияқты тар мамандардың болуы білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушы оқитын білім беру ортасының қажетті компоненттерінің бірі болып табылады.

6. *Тьютор (педагог ассистент)* – баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесінде оған сүйемелдеп жүруді жүзеге асырады; мұғалімдер мен басқа да мамандар қойған міндеттерді орындауға көмектеседі; оқушыны жаңа жағдайларға бейімдеу бойынша жұмыс жүргізеді, білім беру ортасында және жақын ортада оның мінез-құлқын реттейді. Күн тәртібін ұйымдастырады, өзіндік жұмысты орындауға көмектеседі, мұғалімдермен жеке жұмыс жасайды. Тьютор білім беру қатынастарына барлық қатысушылардың өзара іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырудағы байланыстырушы буын болып табылады.

7. *Педагог (сынып жетекшісі, пән мұғалімі)* – инклюзивті білім беру тәжірибесінің негізгі фигурасы. Білім алуында ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтену және т.б. жұмысын жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған мамандардың барлығы ата-аналарға кеңес береді және оқушылардың одан әрі дамуы бойынша қызметті жоспарлайды, қоғамға неғұрлым қолайлы бейімделу мен әлеуметтенуге ықпал ететін білім беру бағытын құрады, оның негізінде оқыту мен дамудағы әлсіз жақтарын айқындайтын диагностикалық қызметті жүргізеді; білім алушыны талдау және тексеру негізінде жеке бағдарламаларын әзірлейді; өмір сүру үшін қажетті дағдылар мен дағдыларды түзетуге, қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жеке және топтық сабақтарды жүргізеді.

Қазіргі уақытта оқушылар тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына бара алатындығының арқасында, оқушының бейімделуге, әлеуметтенуге қатысты көптеген құбылыстар автоматты түрде немесе мұғалімдердің қолдауымен жеңіледі.

Білім беру ұйымында инклюзивті білім беру жұмысын ұйымдастыруда мынадай компоненттер ескеріледі: ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, психологиялық-педагогикалық, кадрлық қамтамасыз ету.

Ұйымдастырушылық қамтамасыз етуде нормативтік-құқықтық актілерге, балаларға жалпы қызмет көрсетуге (мамандармен жұмыс, тамақтану, медициналық қызмет көрсету), мекемелермен өзара ықтымастық, қаржылық жұмысқа және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қатысты барлық жағдайлар қарастырылады.

Желілік өзара іс-қимыл көмекті, кеңес беруді және тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға ықпал ететін басқа ұйымдармен және мекемелермен (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, әдістемелік орталықтар, инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ресурстық орталықтар, инклюзивті білім беру практикасын іске асыратын білім беру ұйымдары, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау органдары, қоғамдық ұйымдар) өзара ынтымақтастықты ұйымдастыруды білдіреді. Мұндай ынтымақтастықты тиісті шарттармен бекіту және рәсімдеу маңызды. Бұл оқушылардың жан-жақты көмек көрсету мен қолдауына ықпал етеді.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету-әрбір ұйымның жұмысына кіретін компонент. Бұл бағыт санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтауды, білім беру ортасына қолжетімділікті (пандустар, бейімделген есік ойықтары, еден жабындары, есік табалдырықтары, баспалдақтар, ғимарат ішіндегі және сыртындағы таяныштар, санитарлық жайлары, сыныпта жабдықталған жұмыс орындары, мамандар кабинеттері, сенсорлық бөлме), оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді (оқу құралдары, арнайы бағдарламалар, диагностикалық әдістемелер жинақтары, интерактивті тақталар, әрбір маманның жұмысына арналған оқыту кешендері арнайы жабдықтар).

Психологиялық-педагогикалық бағыттағы жұмыс оқыту-әдістемелік қамтамасыз етуді (психологиялық-педагогикалық жеке бағдарламасы) жүзеге асыруға бағытталған. Инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде оқушының дамуындағы кемістіктерді бейімдеу және түзетуді қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін, психологиялық, педагогикалық және медициналық көмектің ерекшеліктерін бөліп көрсету, негізгі білім беру бағдарламасын игеруге мүмкіндік беру маңызды.

Кадрлармен қамтамасыз етуде инклюзивті, дефектологиялық, педагогикалық, психологиялық және медициналық білім беру саласында құзыретті мамандардың болуы көзделеді. Сонымен қатар, мамандардың біліктілігі және оны жиі арттыруы маңызды болып саналады.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар оқыту қызметтің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Бұл жағдайлар оқушылардың әрқайсысы толық және тиімді білім алуға бағытталған. Ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар дамуында білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту әдістерін, нысандарын, құралдарын таңдауды, негізгі жалпы білім беру бағдарламаларын бейімдеуді және оларды жүзеге асыруды (оның ішінде білім беру бағдарламаларын игеру процесінде қажетті материалдарды әзірлеу) қамтиды.

Білім беру іс-әрекетінен басқа, тәрбие беруіне бағытталған қызметі де кіреді:

- қолайлы әлеуметтік органы құру;
- құрдастарымен қарым-қатынаста және оқуда мотивацияны қалыптастыру;
- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алу;
- өзін-өзі дамыту және өзін-өзі оқыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ шығармашылық және қоғамға өзін таныстыру үшін мүмкіндіктер беру;
- білім алуында ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды құрдастарының ортасында бейімдеу.

Осылайша, ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайларды жасау кезінде оқушының жеке қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Инклюзивті білім беру ортасын құру, мектептегі барлық педагогикалық ұжымының күш – жігерінің нәтижесі болады, оған тек мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері, психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің мамандары ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ата-аналары, түрлі қызметтер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіруі керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңы 2007 жылғы 27 шілде № 319; <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 49 б.

3. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 39 б.

4. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

5. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.

6. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019 - 118с.

БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ

Шайкистанова Танакул Балтабаевна Игілік балалар өнер мектебінің оқытушысы

Инклюзивті білім беру дегеніміз – баланың мүмкіншілігінің шектеулі болғанына қарамастан мектепке дейінгі мекемелерде және жалпы орта білім беретін мектептерде толықтай білім алуын қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру қоғамның барлық істерінде баланың теңдігін ынталандыруға бағытталады.

Инклюзивті білім беру төмендегідей *принциптерді* басшылыққа алады:

- адамның құндылығы оның қабілеттеріне байланысты болмайды;
- әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
- әрбір адам қарым-қатынас жасауға және іс-әрекет жасауға қабілетті;
- әрбір адамның бір-біріне деген қажеттілігі орын алады;
- әрбір адам өзін қолдауға және достыққа мәжбүр;
- әртүрлілік адамның өмірінің барлық жақтарын арттыра түседі.

Инклюзивті білім беру оған қатысатын әрбір адамның бойында төмендегідей құндылықтарды сіңіруге үйретеді: теңдік, шыдамдылық, сол күйінде қабылдау.

Интеграция – (латын сөзі *integration*, тікелей аудармасы – қалпына келтіру, толықтыру) қандай да бір бөліктің, элементтердің тұтасқа бірігуі. Интеграцияның анықтамасынан көрініп тұрғандай, **интеграция** – бұл қалыпқа келтіру, толықтыру; жеке

тұлға мен топтардың әлеуметтік бірлестікке бірігуі; физикалық-психологиялық ерекшеліктері бар балаларға көмек беру.

Балаларды бірлесе оқыту әлеуметтік көзқарас бойынша интеграцияның төмендегідей салаларын бөлуге болады:

- отбасы;
- мектепке дейінгі тәрбие берудің әртүрлі формасы;
- мектептік интеграция;
- кәсіби интеграция;

- демалыс, бос уақытты тиімді өткізу интеграциясы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты жүзеге асыруда педагогтың кәсіби даярлығын қалыптастырудың үш негізгі бағыты болады [5]:

1. Өзара сыйластық, шыдамдылық және оптимизм негізінде «педагог-бала» өзара индивидуалды жүйеде әрекеттесу қабілетін қалыптастыру.

2. Мектеп мұғалімдерінде өнімді әрекет жағдайына бейімділікті қалыптастыру:

- психологиялық бейімділік – даму мүмкіндігі шектеулі балаға пәнаралық өзара әрекетті ұйымдастыру мақсатында педагогикалық үдерістің барлық субъектілерімен («мектеп мұғалімі – арнайы педагог (дефектолог)», «мектеп мұғалімі – психолог», «мектеп мұғалімі – даму мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасы»және т.б.) өзара әрекеттесу, байланысу, сөйлесе алу қабілеті;

- технологиялық бейімділік – жалпыпедагогикалық қабілет (оқушылардың әрекеттерін дұрыс жоспарлау және ұйымдастыра алу), теориялық білімді нақты баланың мүмкіндіктері мен типологиялық ерекшеліктеріне айналдыра алу және т.б.;

- білім беру ұйымының әкімшілік-педагогикалық әрекет жүйесінде педагогтарды өзара нәтижелі әрекеттесуге бейімдеу.

3. Педагогтарда даму мүмкіндігі шектеулі балалармен нәтижелі педагогикалық әрекетке әсер ететін тұлғаның кәсіби-маңызды сапаларын қалыптастыру: түрлі ерекшеліктерге қарамастан әрбір адамға құрмет, жанашырлық таныту және болашаққа оптимизммен қарау, т.б.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мұғалімнің құзыреттіліктеріне негізделген маңызды әдістемелік тұрғыдағы педагогикалық көмек түрлері жүргізілуі қажет.

Педагогтердің әдістемелік тұрғыдан инклюзивтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары мынандай:

- әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтарда жұмыс;
- дәрістер, семинарлар, пікірталастар өткізу;
- зерттеу, эксперименталды қызмет;
- инновациялық қызмет және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру;
- педагогикалық қолдаудың түрлі формалары;
- педагогикалық конкурстарға, практикалық сабақтарға белсенді қатысу;
- оқытудың белсенді әдістерін, шеберлер сағаты;
- өзін-өзі жетілдіру.

Кәсіптік маңызды қасиеттердің деңгейін анықтау үшін диагностикалық әдістемелер кешенін пайдалану қажет, ол диагностика нәтижелері ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогке қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек және диагностиканың нәтижесі өз белсенділігін түзетуге, дамытуға, құзыретті педагог үшін қажетті құрамдас бөліктерді жетілдіруге бағытталуы керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мектеп мұғаліміне кейбір кездері жалпы білім беру үдерісіне баланың нәтижелі енгізу үшін қосымша кеңес пен қолдау керек болуы мүмкін.

Кенесті әртүрлі дерек көздерден алуға болады [5]:

1) Консультативті-әдістемелік орталықтар, педагогтарды қолдау орталықтарын емесе ресурстық орталықтарда балаға бағдарланға нәтижелі, инклюзивті білім беру әдістері, материалдар мен сабақтағы әрекеттер бойынша кеңестералуға болады.

2) Әлеуметтік педагог немесе бала психологы психологиялық жарақаталған немесе оқудағы қиындықтар туындаған жағдайда, баланың әлеуметтік немесе мінез-құлқық проблемаларының отбасымен немесе/және құрдастарымен байланысты үзуге әкелген жағдайларда көмек көрсетеалады.

3) Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының педагогтары мен логопедтер нақты әр бір балада негізгі дағдыларының (күнделікті өмір, ойын, араласу, оқыту) даму ерекшеліктерін практикалық түсінуді қалыптастыруға, бұл балалармен жұмыс жоспарын жасау мен бағалауда көмектесе алады.

4) Медициналық қызметкерлер, әртүрлі маманданған дәрігерлер, диетологтар әртүрлі органикалық немесе қызметтік себептерден болған бой өсуінің тежелуі, көруіне мессе естуі нашарлаған, оқуы мен мінез-құлқында проблемалар туындаған жағдайда елеулі көмек көрсетеалады.

Инклюзивті білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтәк бейімдеуге, жынысына, шығутегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілі ерді жоюға, ата –аналарын белсенділік кешақыруға, баланың түзету – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктерінек бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвекциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қортындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген.

Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беру бағыты бойынша мынандай іс-шаралар көрсетілген:

1. денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға (бұдан әрі – ПМПК) «медициналықтан» «педагогикалық» үлгіге көшуге мүмкіндік береді.

2. инклюзивті практикаларды дамыту және педагогтермен тәжірибе алмасу үшін мектептер базасында ресурстық орталықтар құрылады.

3. мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етілетін болады.

4. Кәсіби стандарт негізінде осы бағыттағы педагогтер (пән мұғалімдері, педагогтер, педагог-ассистенттер және басқалар) үшін біліктілік талаптары жаңартылады[4].

Балаларға қосымша білім беру,баланы оқыту мен тәрбиелеуден бөлек,шығармашылық дамытушылығымен қатар рухани құндылығын қалыптастыруға зор ықпал етеді. Баланың өнерді үйренуде ойлау қабілеттерінің артуымен қатар,таза

сөйлеуге, сәтсіздәктен қорыпауға, қиыннан қисынды сөз таба білуге және, ұлтымыздың өнерін даралауға үйренеді.

Қосымша білім беру ордасы балалардың өнерді үйренуімен бірге, алға қойған мақсаттарына жетуге, белсенділік пен байқампаздыққа, жеке басының қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Енді қосымша білім беру саласында инклюзивті оқытуға келейік.

Инклюзивті оқыту - мүгедек пен дамуында бұзылушылығы бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және, интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың бойында да бір қасиеттің болуы әбден мүмкін. Мысалы, сурет салу, көркем сөз оқу немесе, аспапта ойнауда талаптары болуы. Осыған қарап әр баланың жеке мүмкіншіліктерін анықтай отырып, олардың да өнер ордасында білім алуына үлкен мүмкіндік беру. Әрине, бұл үшін оқытылатын мектеп немесе өнер ордасының талапқа сай болуы керек. Көптеген мүмкіндігі шектеулі балалар өз қатар құрбы-құрдастарымен бірге жүргенді армандайды. Осы балалардың арман тілегін орындауда мұғалім саналы да сапалы жұмыс үлгісін жасауы керек. Мұғалім білім беруде барлық балаларды әлеуметтік бейімділігімен жағдайына қарамай, мүгедек бала мен саубаланы бөліп жармай, бір сатыда білім алуына жағдай жасауы маңызды. Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамда ерекше орны бар екені көрсетілген. Оларға мемлекет тарапынан бірнеше қолдау мен құқықтарын қорғауды қалыптастырған.

Қосымша білім беру мектептерінде осындай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үшін мұғалімнің белсенділігі керек. Балалардың мүмкіншіліктерінен ақыратын кедергілерді жоюға, ата-аналардың белсенділігін арттырып, баланың өнерін дамытуға, әлеуметтік қажеттілігін арнайы қолдауға, жас ерекшеліктеріне қарай балалардың білім сапасымен қатар өнерлілігін дамыту-қазіргі кезеңнің үлкен саясаты деп тануға болады.

Сонымен, инклюзивті оқыту - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту негізінде білім алушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Кеңес педагогы К.Д. Ушинскийдің білім алғанша, қазіргі жағдайда мұғалім ерекше маңызға ие екендігі туралы пікірі біздің зерттеу тақырыбымыздың маңыздылығын ашады. Олай болса, өмірдің өзі күн тәртібіне үздіксіз педагогикалық білім беру проблемасын, мұғалімнің өз бетімен үздіксіз жұмыс істеу арқылы үнемі жетілдіру қажеттілігін қоя отырып, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен өзін-өзі жетілдіруі маңызды педагогикалық талап демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Л.И. Акатов. – М.: ВЛАДОС, 2003.

2. Алехина С.В., Алексеева М.Н., Агафона Е.Л. Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2011.

3. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования // Использование научно обоснованных стратегий обучения в инклюзивном образовательном пространстве. Главы из книги / Пер. Аникеев И.С., Борисова Н.В. М., 2009.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

5. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби күзiреттiлiктерiне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдiстемелiк ұсынымдар. – Астана: Бi. Алтынсаринатындағы Ұлттық бiлiм академиясы, 2015. – 32 б.

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРАКТИКА, ОПЫТ

Шевченко Светлана Михайловна
зав. лабораторией посткурсовой поддержки
и внедрения инклюзивного образования
ФАО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области

*... Человеческие возможности никогда не были измерены;
не можем мы о них судить и по опыту
- ведь испробовано так мало.*

Генри Торо

В современной системе Казахстана образования прослеживаются новые тенденции развития педагогической теории и практики, связанные с необходимостью включения детей с особыми образовательными потребностями в адаптивную образовательную среду. Адекватное образование в дальнейшем помогает им беспрепятственно ориентироваться в социуме и реализовать свой потенциал.

Поддержать институт семьи и детства, создать инклюзивное общество, защищать права ребенка, противодействовать бытовому насилию - это главные приоритеты, озвученные Главой государства Касым-Жомартом Токаевым в очередном Послании народу. - Мы обязаны создавать равные условия для детей с особыми потребностями.

Однако, как показывает практика, это непростая задача. Несмотря на позитивные изменения и существующую правовую основу, к сожалению, в настоящее время имеется ряд трудностей в реализации прав детей на инклюзивное образование. Среди них, на наш взгляд, наиболее распространённые это:

- отсутствие у детей и педагогов уважительного отношения к инвалидам, отсутствие знаний об их возможностях и правах;

- недостаточная профессиональная готовность педагогических кадров.

Так, исследования, проведенные филиалом АО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области, подтверждают, что в школах наблюдается эффект стихийного внедрения инклюзии, т.е. когда изменения образования происходят лишь на организационном и административно-управленческом уровне. Школа не может быть инклюзивной лишь по причине присутствия в ней детей с особыми образовательными потребностями, или наличия пандусов.... Инклюзивное образование не может рассматриваться как «модная» или «популярная» тема. Всё это лишь «имитация инклюзии».

Джеймс Кауфман, профессор коррекционной педагогики Виргинского университета в своем интервью 1995 года заметил, что «нет достоверных исследований, которые бы демонстрировали, что регулярный класс может предложить ребенку с особыми потребностями услуги более высокого качества». Он добавляет: «Есть дети, которых бросают в классы во имя инклюзии, при том, что на самом деле ничего не готово для создания инклюзивного класса, кроме того что туда посадили ребенка со значительными нарушениями развития».

Грег Кондерман, научный сотрудник по коррекционному образованию Висконсинского университета считает, что если инклюзия существует только ради самой себя, то это такое же принуждение, как и помещение всех детей с нарушениями развития в отдельные школы или классы.

Инклюзивное образование требует большого внимания со стороны государства, и не только немалых денежных вложений, но и человеческого принятия, глубинных изменений в системе образования. В мире, где эта модель работает эффективно, для таких детей создаются необходимые условия.

Очевидно, что для детей с особыми образовательными потребностями, прежде всего, необходимы профессиональные кадры — педагоги, умеющие с такими детьми работать, техническое оснащение и необходимая гибкость всей системы.

Работая на базе пилотных организаций образования, мы убедились, что для системного внедрения инклюзивного подхода важно интенсивно формировать у педагогов инклюзивную компетентность, как составляющую их профессиональной компетентности. В рамках темы научно-исследовательской работы «Инклюзивное образование в системе повышения квалификации педагогов» Жамбылский филиал АО «НЦПК «Өрлеу» обозначил направление своей деятельности в системе повышения квалификации педагогов по развитию профессиональной компетентности педагогических работников в условиях инклюзивного образования. При кафедре дошкольного воспитания и инклюзивного образования института создана лаборатория посткурсовой поддержки и внедрения инклюзии. Разработаны образовательные программы краткосрочных курсов повышения квалификации по инклюзии для педагогов организаций образования по предметам среднего образования. Ведется цикл видео-консультаций для педагогов по организации обучения в условиях инклюзии с участием специалистов коррекционной педагогики, специальной и педагогической психологии. Помогают в их проведении наши партнеры, коррекционной школы-интерната «Мейірім», Центра социальной адаптации детей с особыми образовательными потребностями «Аруна-Тарази» и Общественным фондом «Заботливое сердце», имеющие высокие результаты в региональной инклюзивной практике.

Наши наблюдения показывают, что негативное отношение к инклюзии меняется, когда учитель начинает работать с такими детьми, приобретает свой собственный педагогический опыт, видит первые успехи ребёнка и принятие его в среде сверстников. Но самое важное чему должны научиться педагоги обычных школ – это работать с детьми с разными возможностями к обучению, и учитывать это многообразие в своём педагогическом подходе к каждому.

Только профессиональное общение педагогов из разных образовательных систем может повлиять на взаимообогащение и расширение возможностей совместного обучения и воспитания.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07.2020 г.).- Астана, 2007.
2. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI «О статусе педагога» (с изменениями от 07.07.2020 г.).-Нур-Султан, 2019.
3. Закон Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года № 39-III «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.06.2020 г.).-Астана, 2005.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988 «Государственная программаразвития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы».-Нур-Султан, 2019.
5. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий».- Нур-Султан, 2020.

6. Лошакова И.И., Ярская-Смирнова Е.Р. Интеграция в условиях дифференциации: проблемы инклюзивного обучения детей-инвалидов // Социально-психологические проблемы образования нетипичных детей. Саратов: Изд-во Педагогического института СГУ, 2002.С. 15-21.

7. Образование для всех? Региональный мониторинговый доклад. UNICEF. Florence. № 5. 1998. С. 58.

8. Об особенностях организации учебного процесса в организациях общего среднего образования Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. - Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. - 258 С.

9. Елисева И.Г., Чумакова О.Ф. Профессиональное сопровождение педагогов общеобразовательных школ, реализующих инклюзивную практику. Методические рекомендации. Алматы, 2015 .

10. Айдарбекова А.А. Создание социально гуманной среды в организациях общего образования. Алматы, 2015.

11. Технология нейропсихологической коррекции трудностей школьного обучения: Методические рекомендации / сост. А.К. Ерсарина, Г.К. Кудайбергенова, К.Б. Досыбаева, Т.Н. Алмазова. – Алматы 2015.

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К РАБОТЕ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Шинкаренко Владимир Анатольевич
доцент кафедры специальной педагогики,
кандидат педагогических наук
Учреждение образования «Белорусский
государственный педагогический
университет имени Максима Танка»
Республика Беларусь, Минск

Подготовка учителей к работе в условиях инклюзивного образования является обязательным условием обеспечения его эффективности. Она признается обязательным компонентом их профессиональной подготовки, требующим создания современного научно-методического обеспечения [7; 8; 9; и др.]. В нашей статье характеризуются его основные составляющие, ориентированные на задачи профессиональной подготовки учителей начальных классов и учителей-предметников.

